# Kazakh Export

**«Kazakh Export» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ**
**(бұрын «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ)**

2018 жылғы 31 желтоқсанда
аяқталған жыл үшін
қаржылық есептілік

# Мазмұны

KPMG


| | |
|---|---|
| Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі | |
| Пайда немесе шығындар және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп | 6 |
| Қаржылық жағдай туралы есеп | 7 |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп | 8-9 |
| Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп | 10-11 |
| Қаржылық есептілікке ескертпелер | 12-80 |


«КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестік[1] Қазақстан, 050051, Алматы, Достық д-лы, 180,
Тел.: +7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной ответственностью «КПМГ Аудит» Казахстан, 050051, Алматы, пр. Достык, 180,
E-mail: company@kpmg.kz

## Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«Kazakh Export» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ акционерлері мен Директорлар кеңесіне (бұрын «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ)

### *Пікір*

Біз «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан бұрын «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ) (бұдан әрі - «Компания») 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе шығындар және өзге де жиынтық кіріс туралы, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерінен құралатын ескертпелерден және өзге де түсіндірме ақпараттан тұратын аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілер бойынша 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес көрсетеді.

### *Пікір білдіруге негіз*

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілік бұдан әрі біздің есептің «Аудиторлардың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне («БХӘСК» кодексі) және Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз осы талаптарға және БХӘСК кодексіне сәйкес өзге де әдеп міндеттерін орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті деңгейде болып табылады деп есептейміз.

### *Басшылық пен корпоративтік басқаруға, қаржылық есептілікке жауап беретін тұлғалардың жауапкершілігі*

Басшылық ХҚЕС-ке сәйкес көрсетілген қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтары жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілікте болады.

---

[1] «КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстанда тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестік, Швейцария заңнамасы бойынша тіркелген KPMG International Cooperative ("KPMG International") қауымдастығына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалар мүшесі.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеті болғанда немесе оны тарату не қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты балама болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасау үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапкершілікте болады.

## *Аудиторлардың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі*

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтар болмайтынына және біздің пікіріміз келтірілген аудиторлық есепті шығаруда ақылға қонымды сенімділік алу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік жоғары сенімділікті білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалаушылықтарды әрдайым анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмалаулар жосықсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке алғанда немесе жиынтығында осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деген негізді түрде болжауға болатын болса, елеулі болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді ұстанамыз. Сонымен қатар, біз мынадай амалдарды орындаймыз:

— жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті деңгейдегі аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Жосықсыз іс-әрекеттер нәтижесінде болған елеулі бұрмалауды анықтамау қатері қате нәтижесінде болған елеулі бұрмалауды анықтамау қатеріне қарағанда жоғары болып келеді, себебі жосықсыз іс-әрекеттер сөз байласу, жалғандық жасау, қасақана өткізу, ақпаратты бұрмалап көрсету немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс жасалатын іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;

— Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінуге қол жеткіземіз;

— қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаудың негізділігін және басшылық дайындаған ақпараттың тиісті деңгейде ашылуын бағалаймыз;

— басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал қолданудың заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде оның нәтижесінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән туындауы мүмкін оқиғалар мен жағдай шарттарға байланысты елеулі белгісіздік бар ма деген тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есепте қаржылық есептіліктегі ақпараттың тиісті деңгейде ашылуына назар аударуымыз керек немесе, егер мұндай ақпаратты ашу лайықты болмаса, біздің пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есеп беруге дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе жағдай шарттар Компания өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;

— тұтас алғанда қаржылық есептілікті, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей қаржылық есептіліктің ұсынылуын бағалауды жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз, олардың қаперіне, басқаларымен қатар, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде аудит процесінде анықталатын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

Нәтижелері бойынша тәуелсіз аудиторлардың осы аудиторлық есебі шығарылған тапсырма жетекшісі:

**Урдабаева А.А.**
Қазақстан Республикасының сертификатталған аудиторы,
2012 жылғы 27 тамыздағы № МФ-0000096 Аудитордың біліктілік куәлігі

**«КПМГ Аудит» ЖШС**
*Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі берген 2006 жылғы 6 желтоқсандағы № 0000021 Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия*

**Дементьева С.А.**
*Жарғы негізінде әрекет ететін «КПМГ Аудит» ЖШС бас директоры*

28 ақпан 2019 жыл

| | Ескертпе | 2018 ж. мың теңге | 2017 ж.* мың теңге |
|---|---|---|---|
| Есептелген сақтандыру сыйлықақылары, брутто | 7 | 2,679,063 | 1,905,462 |
| Қайта сақтандырушыларға берілген есептелген сақтандыру сыйлықақылары | 7 | (562,370) | (571,988) |
| **Есептелген сақтандыру сыйлықақылары, нетто** | | **2,116,693** | **1,333,474** |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резервтегі өзгеріс, брутто | 7 | (707,365) | (904,701) |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резерв өзгерісіндегі қайта сақтандырушылардың үлесі, брутто | 7 | (366,915) | 219,335 |
| **Еңбекпен табылған сақтандыру сыйлықақылары, нетто** | | **1,042,413** | **648,108** |
| Төленген талаптамалар | 8 | (55,817) | (1,382,188) |
| Кері талап қою бойынша өтем | 8 | 450 | 1,242,081 |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі өзгеріс, брутто | 8 | (771,803) | (175,806) |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылар үлесіндегі өзгеріс | 8 | 41,589 | 83,852 |
| **Төленген талаптамалар, нетто** | | **(785,581)** | **(232,061)** |
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып есептелген пайыздық кірістер | 9 | 2,896,843 | 2,856,172 |
| Өзге пайыздық кірістер | 9 | 102,896 | 133,914 |
| Пайыздық шығыстар | 9 | (29,185) | (33,370) |
| Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен түскен таза кіріс | | 61,006 | - |
| Шетел валютасындағы операциялардан таза пайда | | 612,379 | 65,109 |
| Таза комиссиялық кірістер/(шығыстар) | | 2,135 | (408) |
| Жалпы әкімшілік шығыстар | 10 | (1,162,595) | (891,030) |
| Борыштық қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығындар | | (691,790) | - |
| Өзге операциялық кіріс, нетто | | 4,207 | 16,373 |
| **Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда** | | **2,052,728** | **2,562,807** |
| Табыс салығы бойынша шығыс | 11 | (467,176) | (431,511) |
| ***Жыл ішіндегі пайда*** | | **1,585,552** | **2,131,296** |
| **Табыс салығын шегергендегі өзге де жиынтық кіріс** | | | |
| *Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:* | | | |
| Әділ құн өзгерістері бойынша резерв (сату үшін қолда бар қаржы активтері): | | | |
| - Әділ құнның таза өзгеруі | | 239,197 | 234,699 |
| - Пайда немесе шығын құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгеруі | | (1,435) | - |
| **Табыс салығын шегергендегі өзге де жиынтық кіріс** | | **237,762** | **234,699** |
| ***Жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс*** | | **1,823,314** | **2,365,995** |

* Компания ХҚЕС 9 (IFRS) қолдануды 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастады. Стандартқа ауысу бойынша таңдап алынған әдістерге сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (2(д) ескертпені қар). ХҚЕС 9 (IFRS) қолдану нәтижесінде Компания белгілі бір баптарды ұсыну тәртібін өзгертті, салыстырмалы деректерді ұсыну әдісі де тиісінше өзгертілді (3(о) ескертпені қар.)

6-дан 80-ге дейінгі беттерде ұсынылған осы қаржылық есептілікті Компания басшылығы 2019 жылғы 28 ақпанда бекітті және оның атынан қол қойды:

**Р.В.Искаков**

*Басқарма төрағасы*

**Ж.К.Сарткожинова**

*Бас бухгалтер*

Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы қаржылық есептілікке ескертпелермен бірге қаралуы тиіс.

| | Ескертпе | 2018 ж. мың теңге | 2017 ж.* мың теңге |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 12 | 26,871,413 | 27,045,334 |
| Банктердегі депозиттер | 13 | 11,099,359 | 8,436,945 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар: | | | |
| - өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын | 14 | 7,435,977 | - |
| - пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын | 14 | 1,511,226 | - |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 14 | - | 8,576,549 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | 15 | 1,014,713 | 956,700 |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылардың үлесі | 16 | 509,093 | 834,419 |
| Негізгі құралдар | | 71,662 | 46,593 |
| Ағымдағы салық активтері | | 92,632 | 216,116 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 11 | 24,455 | 6,361 |
| Өзге де активтер | | 15,726 | 44,540 |
| **Барлық активтер** | | **48,646,256** | **46,163,557** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтер | 16 | 4,885,796 | 3,406,628 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | | 36,764 | 154,984 |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-тан алынған қарыз | | 212,512 | 276,573 |
| Өзге де міндеттемелер | | 201,514 | 137,210 |
| **Барлық міндеттемелер** | | **5,336,586** | **3,975,395** |
| **МЕНШІКТІ КАПИТАЛ** | | | |
| Акционерлік капитал | 17(а) | 37,100,000 | 37,100,000 |
| Нарықтағыдан төмен мөлшерлеме бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-тан алынған қарыз бойынша қосымша төленген капитал | | 732,819 | 732,819 |
| Тұрақтандыру резерві | | 7,904 | 62,114 |
| Күтпеген тәуекелдер резерві | | 510,942 | - |
| Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруі бойынша резерв | | (1,267,664) | (1,849,217) |
| Бөлінбеген пайда | | 6,225,669 | 6,142,446 |
| **Барлық меншікті капитал** | | **43,309,670** | **42,188,162** |
| **Барлық міндеттемелер мен меншікті капитал** | | **48,646,256** | **46,163,557** |

* Компания ХҚЕС 9 (IFRS) қолдануды 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастады. Стандартқа ауысу бойынша таңдап алынған әдістерге сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (2(д) ескертпені қар). ХҚЕС 9 (IFRS) қолдану нәтижесінде Компания белгілі бір баптарды ұсыну тәртібін өзгертті, салыстырмалы деректерді ұсыну әдісі де тиісінше өзгертілді (3(о) ескертпені қар.).

Қаржылық жағдай туралы есеп оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы қаржылық есептілікке ескертпелермен бірге қаралуы тиіс.

| | 2018 ж. мың теңге | 2017 ж.* мың теңге |
|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | | |
| **Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда** | **2,052,728** | **2,562,807** |
| *Түзетулер:* | | |
| Қайта сақтандырушының үлесін шегергендегі резервтердегі өзгерістер | 1,804,494 | 777,320 |
| Дисконт пен сыйлықақының амортизациясы | 66,729 | 62,733 |
| Тозу және амортизация | 15,681 | 11,779 |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-тан алынған қарыз бойынша пайыздық шығыс | 29,185 | 33,370 |
| Борыштық қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығындар | 691,790 | - |
| Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен түскен таза кіріс | (61,006) | |
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып есептелген пайыздық кірістер | (2,896,843) | (2,856,172) |
| Өзге пайыздық кірістер | (102,896) | (133,914) |
| Іске асырылмаған бағамдық айырма | (601,197) | 65,109 |
| **Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының ағындары** | **998,665** | **686,269** |
| **Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы** | | |
| Банктердегі депозиттер | (2,568,687) | (4,013,453) |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | (59,298) | (211,142) |
| Өзге де активтер | 26,771 | (32,451) |
| **Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы)** | | |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | (118,220) | 133,566 |
| Өзге де міндеттемелер | 63,186 | 68,519 |
| **Алынған сыйақыға және табыс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатын таза пайдалану** | **(1,657,583)** | **(3,531,929)** |
| Төленген табыс салығы | (367,057) | (394,332) |
| Алынған сыйақы | 2,513,306 | 2,643,031 |
| Төленген сыйақы | (786) | (925) |
| **Операциялық қызметтен ақша қаражатының түсуі/(пайдаланылуы)** | **487,880** | **(1,284,155)** |

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы қаржылық есептілікке ескертпелермен бірге қаралуы тиіс.

| | 2018 ж. мың теңге | 2017 ж.* мың теңге |
|---|---|---|
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | | |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу | (31,183) | (39,590) |
| Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының ағындары | **(31,183)** | **(39,590)** |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | | |
| Акциялар шығару | | 13,900,000 |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-тан алынған қарызды өтеу | (92,460) | (92,460) |
| Төленген дивидендтер | (639,389) | (32,956) |
| **Қаржылық қызметтен түскен (пайдаланылған) ақша қаражатының ағындары** | **(731,849)** | **13,774,584** |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза (кемуі)/ұлғаюы** | **(275,152)** | **12,450,839** |
| Ақша қаражаты мен олардың баламаларының мөлшеріне валюта бағамдары өзгерістерінің әсері | 101,231 | (43,062) |
| Жыл басындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және оның баламалары | 27,045,334 | 14,637,557 |
| **Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және оның баламалары** (12-ескертпе) | **26,871,413** | **27,045,334** |

* Компания ХҚЕС 9 (IFRS) қолдануды 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастады. Стандартқа ауысу бойынша таңдап алынған әдістерге сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (2(д) ескертпені қар). ХҚЕС 9 (IFRS) қолдану нәтижесінде Компания белгілі бір баптарды ұсыну тәртібін өзгертті, салыстырмалы деректерді ұсыну әдісі де тиісінше өзгертілді (3(о) ескертпені қар.).

| мың теңге | Акционерлік капитал | Нарықтағыдан төмен мөлшерлеме бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-тан алынған қарыз бойынша қосымша | Тұрақтандыру резерві | Күтпеген тәуекелдер - резерві | Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруі бойынша резерв | Бөлінбеген - пайда | Барлық меншікті капитал |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2017 жылғы 1 қаңтарға қалдық | 23,200,000 | 732,819 | 24,450 | 226,361 | (2,083,916) | 3,855,409 | 25,955,123 |
| **Жалпы жиынтық кіріс** | | | | | | | |
| Жыл ішіндегі пайда | - | - | - | - | - | 2,131,296 | 2,131,296 |
| **Өзге де жиынтық кіріс** | | | | | | | |
| *Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:* | | | | | | | |
| Әділ құнның таза өзгеруі | | | | | 234,699 | | 234,699 |
| Барлық өзге де жиынтық кіріс | - | - | - | - | 234,699 | - | 234,699 |
| **Жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс** | - | - | - | - | **234,699** | **2,131,296** | **2,365,995** |
| **Меншікті капитал құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жасалатын операциялар** | | | | | | | |
| Акциялар шығару (17 (а) ескертпе) | 13,900,000 | | | | | | 13,900,000 |
| Төленген дивидендтер (17 (в) ескертпе) | - | - | - | - | - | (32,956) | (32,956) |
| Күтпеген тәуекелдер резервіне аудару (17 (г) ескертпе) | - | - | - | (226,361) | - | 226,361 | - |
| Тұрақтандыру резервінен аудару | | - | 37,664 | - | - | (37,664) | - |
| **Меншік иелерімен жасалатын** | **13,900,000** | - | **37,664** | **(226,361)** | - | **155,741** | **13,867,044** |
| **2017 жылғы 31 желтоқсанға қалдық*** | **37,100,000** | **732,819** | **62,114** | - | **(1,849,217)** | **6,142,446** | **42,188,162** |

* Компания ХҚЕС 9 (IFRS) қолдануды 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастады. Стандартқа ауысу бойынша таңдап алынған әдістерге сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (2(д) ескертпені қар). ХҚЕС 9 (IFRS) қолдану нәтижесінде Компания белгілі бір баптарды ұсыну тәртібін өзгертті, салыстырмалы деректерді ұсыну әдісі де тиісінше өзгертілді (3(о) ескертпені қар.).

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп осы қаржылық есептілікке оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуы тиіс.

| мың теңге | Акционерлік капитал | Нарықтағыдан төмен мөлшерлеме бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-тан алынған қосымша төленген капитал | Тұрақтандыру резерві | Күтпеген тәуекелдер - резерві | Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруі бойынша резерв | Бөлінбеген - пайда | Барлық меншікті капитал |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2018 жылғы 1 қаңтарға қалдық* | 37,100,000 | 732,819 | 62,114 | - | (1,849,217) | 6,142,446 | 42,188,162 |
| 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС 9 (IFRS) ауысудың әсері | - | - | - | - | 343,791 | (406,208) | (62,417) |
| **2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қайта есептелген қалдық** | **37,100,000** | **732,819** | **62,114** | | **(1,505,426)** | **5,736,238** | **42,125,745** |
| **Жалпы жиынтық кіріс** | | | | | | | |
| Жыл ішіндегі пайда | - | - | | - | - | 1,585,552 | 1,585,552 |
| **Өзге де жиынтық кіріс** | | | | | | | |
| *Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:* | | | | | | | |
| Әділ құнның таза өзгеруі | | | | | 237,762 | | 237,762 |
| Барлық өзге де жиынтық кіріс | - | - | - | - | 237,762 | - | 237,762 |
| **Жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс** | **-** | **-** | **-** | **-** | **237,762** | **1,585,552** | **1,823,314** |
| **Меншікті капитал құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жасалатын операциялар** | | | | | | | |
| Төленген дивидендтер (17 (в) ескертпе) | | | | | | (639,389) | (639,389) |
| Күтпеген тәуекелдер резервіне аудару (17 (г) ескертпе) | - | - | - | 510,942 | - | (510,942) | - |
| Тұрақтандыру резервінен аудару | - | - | (54,210) | - | - | 54,210 | - |
| **Меншік иелерімен жасалатын** | **-** | **-** | **(54,210)** | **510,942** | **-** | **(1,096,121)** | **(639,389)** |
| **2018 жылғы 31 желтоқсанға қалдық** | **37,100,000** | **732,819** | **7,904** | **510,942** | **(1,267,664)** | **6,225,669** | **43,309,670** |

* Компания ХҚЕС 9 (IFRS) қолдануды 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастады. Стандартқа ауысу бойынша таңдап алынған әдістерге сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (2(д) ескертпені қар). ХҚЕС 9 (IFRS) қолдану нәтижесінде Компания белгілі бір баптарды ұсыну тәртібін өзгертті, салыстырмалы деректерді ұсыну әдісі де тиісінше өзгертілді (3 (о) ескертпені қар.).

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп осы қаржылық есептілікке оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуы тиіс.

# 1 Есеп беретін кәсіпорын

## (а) Ұйымдастыру құрылымы және қызметі

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан бұрын «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ) (бұдан әрі «Компания») Қазақстан заңнамасына сәйкес 2003 жылы Қазақстан Республикасында құрылған акционерлік қоғам болып табылады.

Компанияның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - «ҚРҰБ») берген 2018 жылғы 21 мамырдағы № 2.1.55 Сақтандыру және қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар, ол ҚРҰБ берген 2017 жылғы 20 сәуірдегі №2.1.55 лицензиясын алмастырды. Бұл лицензия Компанияға ерікті сақтандыру бойынша қызметті келесі сыныптар бойынша жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

1) кепілдіктер мен кепілгерліктерді сақтандыру;
2) өзге қаржы шығындарынан сақтандыру;
3) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру;
4) қарыздарды сақтандыру;
5) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 9)-11) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру; сондай-ақ
6) қайта сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыру.

Компания дамуының стратегиялық бағыттары экспортты қолдау құралдарын жетілдіруді, экспорттаушылардың санын арттыру үшін жағдайлар жасауды және операциялық тиімділікті арттыруды қамтиды.

Компанияның заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55А.

## (б) Акционер

2017 және 2018 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұдан әрі «Бас кәсіпорын» деп аталатын «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі шығарылған акциялардың 100% -ын иеленеді. Компанияның түпкі акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. 2013 жылғы 29 мамырдағы №299-и Акциялар пакетін беру туралы шартқа сәйкес Компания акцияларының пакеті «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ сенімгерлік басқаруына берілді. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» №571 Жарлығы бойынша құрылды.
2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания қызметкерлерінің саны 62 қызметкерді құрады (2017 жыл: 47 қызметкер).

## (в) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асырудың шарттары

Компания қызметін негізінен Қазақстанда жүзеге асырады. Тиісінше, дамушы нарықтың ерекшеліктері тән экономика мен Қазақстанның қаржы нарықтары Компанияға әсер етеді.

## 1 Есеп беретін кәсіпорын, жалғасы

### (в) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асырудың шарттары, жалғасы

Құқықтық, салық және әкімшілік жүйелер даму үстінде, алайда олардың талаптарын әрқалай түсіндіру тәуекелімен ұштасады және жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа заңды және фискалдық кедергілермен қоса Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Ұсынылған қаржылық есептілік басшылықтың Қазақстандағы бизнесті жүргізу шарттарының Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына қаншалықты әсер ететіндігі туралы көзқарасын көрсетеді. Шаруашылық жүргізудің болашақ жағдай шарттарының нақты әсері олардың басшыларының бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

## 2 Есеп негіздері

### (а) Қолданылатын стандарттарға сәйкестігі туралы өтініш

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Бұл Компанияның жылдық қаржылық есептілігінің бірінші жиынтығы, оны жасау кезінде «Қаржы құралдары» ХҚЕС 9 (IFRS) қолданылған. Есеп саясатының негізгі ережелерінің өзгерістері 2(д) ескертпеде сипатталған.

### (б) Бағалау мен пайымдауларды пайдалану

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның есеп саясатын қолдануға және қаржылық есептілікте ұсынылған активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың көлеміне әсер ететін кәсіби пайымдаулар, жорамалдар мен есептік бағалауларды пайдаланды. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаудан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалау және олардың негізінде жатқан жорамалдар жүйелі негізде қайта қаралады. Бағалаудағы түзетулер тиісті бағалау қайта қаралған есепті кезеңде және олар ескерілетін кез келген кейінгі кезеңдерде танылады.

**Пайымдаулар**

Қаржылық есептілікте танылған шамаларға неғұрлым елеулі әсер еткен есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланылған пайымдаулар туралы ақпарат мынадай ескертпелерде ашып көрсетілген:

- Тек 2018 жылға қатысты қолданылады:
  - қаржы активтерін жіктеу: соның шеңберінде қаржы активтері ұсталатын бизнес-модельді бағалау және қаржы активінің шарттық талаптары тек қана негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген қалдығына проценттерді төлеуді көздейтінін бағалау - 3(б) ескертпе.
  - қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің алғашқы танылған сәтінен бастап едәуір жоғарылауы орын алған-болмағанын бағалау критерийлерін белгілеу, күтілетін кредиттік шығындарды (ККШ) бағалауға болжамды ақпаратты енгізу жөніндегі әдіснаманы айқындау, сондай-ақ ККШ бағалау үшін пайдаланылатын модельдерді таңдау және бекіту,- 4- ескертпе.

## 2 Есеп негіздері, жалғасы

### (б) Бағалау мен пайымдауларды пайдалану, жалғасы

**Жорамалдар және бағалаудың белгісіздігі**

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептіліктегі деректерді елеулі түзетудің себебі болуы мүмкін елеулі тәуекелі бар белгісіздікпен байланысты жорамалдар мен бағалаулар туралы ақпарат мынадай ескертпелерде ашып көрсетілген:

- Тек 2018 жылға қатысты қолданылады:
  - қаржы құралдарының құнсыздануы: ККШ бағалау моделі үшін бастапқы деректерді анықтау , оның ішінде болжамды ақпаратты қосу - 4-ескертпе.
- 2018 және 2017 жылдарға қатысты қолданылады:
  - сақтандыру шарттары бойынша резервтер - 16-ескертпе.

### (в) Қаржылық көрсеткіштерді бағалау принциптері

Қаржылық есептілік пайда мен шығын арқылы әділ құны бойынша және өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын және әділ құны бойынша көрсетілген сату үшін қолда бар қаржы активтерін қоспағанда, нақты жұмсалымдар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

### (г) Функционалдық валюта және қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы қазақстандық теңге (бұдан әрі - «теңге») болып табылады. Қазақстандық теңгені Компания басшылығы функционалдық валюта ретінде таңдап алды, өйткені қазақстандық теңге Компания жүргізетін операциялардың экономикалық мәнін және оның қызметіне әсер ететін жағдайларды неғұрлым оң көрсетеді. Қазақстандық теңге сонымен қатар осы қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады.

Қаржылық есептіліктің барлық деректері тұтас мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенді.

### (д) Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту Компания

ХҚЕС 9 (IFRS) қолдануды 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастады.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейтін басқа стандарттарға түзетулер мен түсініктемелер күшіне енді.

Осы қаржылық есептілікті ХҚЕС 9 (IFRS) ауысудың таңдалған әдістеріне сәйкес жасаған кезде салыстырмалы ақпарат жалпы жағдайда қайта есептелмеді.

Көрсетілген стандарттардың бірінші қолдануының әсері, негізінен, төмендегілерге саяды:

- қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығындар сомасының ұлғаюы (5-ескертпені қар.);
- ХҚЕС 7 (IFRS) талаптарына сәйкес ақпаратты қосымша ашу (4 және 5-ескертпелерді қар.).

## 2 Есеп негіздері, жалғасы

**(д) Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту, жалғасы**

*ХҚЕС 9 (IFRS) «Қаржы құралдары»*

ХҚЕС 9 (IFRS) қаржы активтерін, қаржы міндеттемелерін және қаржылық емес активтерді сатып алу немесе сату туралы кейбір шарттарды тану мен бағалауға қатысты талаптарды белгілейді. Бұл стандарт ХҚЕС 39 (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» стандартын алмастырады . ХҚЕС 9 (IFRS) талаптары ХҚЕС 39 (IAS) талаптарынан айтарлықтай өзгеше болып келеді. Жаңа стандарт қаржы активтерін есепке алуға және қаржы міндеттемелерін есепке алудың кейбір аспектілеріне іргелі өзгерістер енгізеді.

ХҚЕС 9 (IFRS) ауысу нәтижесінде Компания сондай-ақ «Қаржылық есептілікті ұсыну» ХҚЕС 1 (IAS) түзетулер енгізді, оларға сәйкес пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып есептелген жеке пайыздық кірістерді ұсыну талап етіледі. Бұрын Компания қаржылық есептілікке ескертпелерде көрсетілген кірістердің сомасын ашып көрсететін.

Бұдан басқа, Компания 2018 жылғы ақпаратты ашуға қатысты «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» ХҚЕС 7 (IFRS) тиісті түзетулерді қолданды, көрсетілген түзетулер салыстырмалы ақпаратқа қатысты қолданылған жоқ.

Бұдан әрі ХҚЕС 9 (IFRS) қолдануымен шарттасқан Компанияның есеп саясатының негізгі өзгерістері туралы жалпылама ақпарат ұсынылған.

***Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін жіктеу***

ХҚЕС 9 (IFRS) қаржы активтерін бағалаудың үш негізгі санатын көздейді: өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша. ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес қаржы активтерін жіктеу, негізінен, оның шеңберінде қаржы активін басқару жүзеге асырылатын бизнес-модельдің және осы актив бойынша ақша қаражаты ағындарының шартында көзделген негізде айқындалады. Стандарт ХҚЕС (IAS) қолда бар қаржы активтерінің мынадай санаттарын алдырып тастайды: өтеу мерзіміне дейін ұсталатын, кредиттер мен дебиторлық берешек және сату үшін қолда бар. ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес стандартты қолдану саласындағы қаржы активі болып табылатын негізгі шартқа енгізілген туынды құралдар негізгі шарттан ажыратылмайды. Оның орнына барлық гибридті құралдар оның жіктелуі тұрғысынан тұтас бағаланады. Компанияның қаржы активтерін ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес қалай жіктейтініне қатысты түсініктемелері 3(б)(і) ескертпеде келтірілген.

ХҚЕС 9 (IFRS) қаржы міндеттемелерін жіктеуге қатысты ХҚЕС 39 (IAS) қолданыстағы талаптарды елеулі дәрежеде сақтайды.

Компанияның қаржы міндеттемелерін ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес қалай жіктейтініне қатысты түсініктемелері 3(б)(і) ескертпеде келтірілген.

***Қаржы активтерінің құнсыздануы***

ХҚЕС 9 (EFRS) стандарты 39 ХҚЕС (IAS) пайдаланылатын «келтірілген шығындар» моделін «күтілетін кредиттік шығындар» моделіне ауыстырады. Құнсыздануды бағалаудың жаңа моделі қарыздар беру жөніндегі кейбір міндеттемелерге және қаржылық кепілдік шарттарына да қолданылады, бірақ үлестік құралдарға инвестициялар салуға қолданылмайды.

# 2 Есеп негіздері, жалғасы

**(д) Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту, жалғасы**

***Қаржы активтерінің құнсыздануы, жалғасы***

ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес кредиттік шығындар ХҚЕС 39 (IAS) сәйкес қолданылған ережемен салыстырғанда ертерек танылады. Компанияның құнсыздануды бағалауға қатысты ХҚЕС 9 (IFRS) талаптарын қалай қолданатыны 3(б)(iv) ескертпеде түсіндіріледі.

***Жаңа стандартқа ауысу***

ХҚЕС 9 (IFRS) күшіне енуіне байланысты есеп саясатындағы өзгерістер, төменде сипатталған жағдайларды қоспағанда, ретроспективті қолданылды.

- Салыстырмалы кезеңдердегі деректер қайта есептелмеді. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің бұрынғы баланстық құны мен олардың ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес баланстық құны арасындағы айырмалар жинақталған шығын құрамында көрсетіледі. Тиісінше, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ұсынылған ақпарат ХҚЕС 9 (IFRS) талаптарын көрсетпейді және демек, ол 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ХҚЕС 9 (IFRS) талаптарына сәйкес ұсынылған ақпаратпен салыстыруға келмейді.

Компания салыстырмалы кезеңдер ішіндегі деректерді қайта есептемеуге мүмкіндік беретін босату шартын пайдаланды, бірақ ХҚЕС 9 (IFRS) ХҚЕС 1 (IAS) енгізілген түзетулер пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте жеке баппен «тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып есептелген пайыздық кірістерді» ұсыну талабын енгізгенін ескере отырып, Компания салыстырмалы деректерді ұсынуды тиісті түрде өзгертті: қаржылық жалдауға таза инвестициялар бойынша пайыздық кірістер «пайыздық кірістер» бабының құрамынан қайта жіктелген және «өзге де пайыздық кірістер» бабының құрамында берілген, «пайыздық кірістер» бабының атауы «тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып есептелген пайыздық кірістерге» өзгертілді.

- Келесі бағалау бастапқы қолдану күні болған фактілер мен жағдайлар негізінде жасалды:

  - Қаржы активі ұсталынатын бизнес-модельді анықтау.

ХҚЕС 9 (IFRS) қолданудан болған өзгерістер және осы өзгерістердің ықтимал салдарлары туралы неғұрлым толық ақпарат 5-ескертпеде келтірілген.

# 3 Есеп саясатының негізгі ережелері

2(д) ескертпеде сипатталған өзгерістерді қоспағанда, Компания осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге есеп саясатының мынадай ережелерін дәйекті түрде қолданған.

## (а) Пайыздық кірістер мен шығыстар

***2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын есеп саясаты***

***Тиімді пайыздық мөлшерлеме***

Пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып, пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. «Тиімді пайыздық мөлшерлеме» - бұл қаржы құралының дәлдік тұрғыдан мынадай шамаға дейін күтілетін қолданылу мерзімі ішінде болашақ есептік төлемдерді немесе түсімдерді дисконттайтын мөлшерлеме:

- қаржы активінің жалпы баланстық құнына; немесе
- қаржы міндеттемесінің амортизацияланған құнына.

# 3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

## (a) Пайыздық кірістер мен шығыстар, жалғасы

***2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын есеп саясаты, жалғасы***

***Тиімді пайыздық мөлшерлеме, жалғасы***

Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған активтер болып табылмайтын қаржы құралдары бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу кезінде Компания осы қаржы құралының барлық шарттық талаптарын назарға ала отырып, бірақ күтілетін кредиттік шығындарды ескермей, ақша қаражатының болашақ ағындарын бағалайды. Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері үшін кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме күтілетін кредиттік шығындарды қоса алғанда, ақша қаражатының күтілетін болашақ ағындарының шамасын пайдаланып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу мәміле бойынша жұмсалымдарды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын төленген немесе алынған сыйақылар мен сомаларды қамтиды. Мәміле бойынша жұмсалымдар қаржы активін немесе қаржы міндеттемесін сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты қосымша жұмсалымдарды қамтиды.

***Амортизацияланған құны және жалпы баланстық құны***

Қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің «амортизацияланған құны» - бұл бастапқы тану кезінде қаржы активі немесе қаржы міндеттемесі бағаланатын сома, «-» борыштың негізгі сомасының есебіне жатқызылатын төлемдер, «+» немесе «-» көрсетілген бастапқы сома және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып есептелген өтеу мерзімі басталған кезде төленетін сома арасындағы жинақталған амортизация айырмасы және шығындар бойынша бағалау резервін (немесе 2018 жылғы 1 қаңтарға дейінгі құнсыздану бойынша резерв) ескере отырып түзетілген қаржы активтеріне қатысты қолданылады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын «Қаржы активінің жалпы баланстық құны» - бұл шығындар бойынша бағалау резервінің шамасына түзетілгенге дейінгі қаржы активінің амортизацияланған құны.

***Пайыздық кіріс пен шығыс есебі***

Қаржы активі немесе қаржы міндеттемесі бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме қаржы активін немесе қаржы міндеттемесін бастапқы тану кезінде есептеледі. Пайыздық кіріс пен шығысты есептеген кезде тиімді пайыздық мөлшерлеме активтің жалпы баланстық құнының (актив кредиттік-құнсызданған болып табылмағанда) немесе міндеттеменің амортизацияланған құнының шамасына қолданылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруін көрсету мақсатында өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар құралдар бойынша ақша қаражаты ағындарын мерзімді қайта бағалау нәтижесінде қайта қаралады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме, сондай-ақ тиісті түзету амортизациясының басталу күніне әділ құнды хеджирлеуге байланысты түзетулерді көрсету үшін қайта қаралады.

Алайда бастапқы танылғаннан кейін кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс қаржы активінің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі. Егер қаржы активі бұдан былай кредиттік-құнсызданған болып табылмаса, онда пайыздық кірісті есептеу жалпы баланстық құн негізінде қайтадан жүргізіледі.

Бастапқы тану кезінде кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қаржы активінің амортизацияланған құнының шамасына қолдану арқылы есептеледі. Мұндай активтер бойынша пайыздық кірісті есептеу, тіпті егер олар бойынша кредиттік тәуекел кейіннен азайтылса да, жалпы баланстық құн негізінде жүзеге асырылмайды.

Қаржы активтері қандай жағдайларда кредиттік-құнсызданған болып табылатыны туралы ақпарат 3(б)(iv) ескертпеде келтірілген.

# 3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

## (а) Пайыздық кірістер мен шығыстар, жалғасы

***2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын есеп саясаты, жалғасы***

***Ақпаратты ұсыну***

Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте ұсынылған тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып есептелген пайыздық кірістерге жататыны:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер;
- өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер.

Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есептің «өзге пайыздық кірістер» бабы пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын туынды емес борыштық қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер.

Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте ұсынылған пайыздық шығыстарға жататыны:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері бойынша пайыздық шығыстар.

***2018 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылатын есеп саясаты***

***Тиімді пайыздық мөлшерлеме***

Пайыздық кірістер мен пайыздық шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып, пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің (немесе орынды болғанда, неғұрлым қысқа кезең ішінде) дәлдік тұрғыдан баланстық құнына дейін күтілетін қолданылу мерзімі ішінде болашақ есептік ақшалай төлемдерді немесе түсімдерді дисконттайтын мөлшерлемені білдіреді. Тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу кезінде Компания қаржы құралының барлық шарттық талаптарын назарға ала отырып, бірақ болашақ кредиттік шығындарды ескермей, ақша қаражатының болашақ ағындарын бағалайды.

Басқа комиссиялар, сондай-ақ басқа да кірістер мен шығыстар тиісті қызметтерді ұсыну күнгі пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Дивидендтер түріндегі кіріс дивидендтер жарияланған күнгі пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Операциялық жалдау шарттары бойынша төлемдер жалдаудың қолданылу мерзімі ішінде кезеңдегі пайда немесе шығын құрамында бірқалыпты танылады. Алынған жеңілдіктердің сомасы жалдаудың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде жалдау бойынша шығыстардың жалпы шамасын азайтады.

***Ақпаратты ұсыну***

Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте ұсынылған тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып есептелген пайыздық кірістерге жататыны:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер;
- өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер.

Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте ұсынылған пайыздық шығыстарға жататыны:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері бойынша пайыздық шығыстар.

# 3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

## (б) Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері

### *(і) Қаржы құралдарын жіктеу*

***Қаржы активтері - 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын есеп саясаты***

Бастапқы тану кезінде қаржы активі бағаланатын ретінде не амортизацияланған құны бойынша не өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша не пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша жіктеледі.

Қаржы активі, егер ол төмендегі екі шарттарға жауап берсе және Компанияның қалауы бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмесе ғана амортизацияланған құны бойынша бағаланады:

- актив шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу мақсаты болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады; және
- қаржы активінің шарттық талаптарында тек борыштың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздарды төлеуді ғана білдіретін ақша қаражаты ағындарының белгіленген мерзімде пайда болуы көзделген.

Борыштық құрал, егер ол төмендегі екі шарттарға жауап берсе және Компанияның қалауы бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмесе ғана өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады:

- актив бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсаты шартта көзделген ақша қаражаты ағындарын алу арқылы, сондай-ақ қаржы активтерін сату арқылы қол жеткізіледі; және
- қаржы активінің шарттық талаптарында тек борыштың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздарды төлеуді ғана білдіретін ақша қаражаты ағындарының белгіленген мерзімде пайда болуы көзделген.

Өзге де жиынтық кіріс, пайда және шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша өзге де жиынтық кіріс құрамында танылады, пайда немесе шығын құрамында амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері сияқты танылатын мынадай баптарды қоспағанда:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып есептелген пайыздық кірістер;
- күтілетін кредиттік шығындар және құнсызданудан болған шығындардың қалпына келтірілген сомалары; және
- валюта бағамдарының өзгеруінен пайда немесе шығын.

Өзге де жиынтық кіріс, жинақталған пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық қаржы активін тану тоқтатылған кезде бұрын өзге де жиынтық кіріс құрамында танылған меншікті капитал құрамынан пайда немесе шығын құрамына қайта жіктеледі.

Барлық өзге қаржы активтері пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Бұдан басқа, бастапқы тану кезінде Компания өз қалауы бойынша, кейіннен қайта жіктеу құқығынсыз, амортизацияланған құн бойынша немесе өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалау үшін критерийлерге жауап беретін қаржы активін, егер бұл басқаша жағдай болғанда туындайтын, есептік сәйкессіздікті жоюға немесе елеулі дәрежеде азайтуға мүмкіндік берсе, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына жіктей алады.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(б) Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері, жалғасы**

***(i) Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы***

***Қаржы активтері - 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын есеп саясаты, жалғасы***

***Бизнес-модельді бағалау***

Компания қаржы құралдары портфелінің деңгейінде активті ұстап тұратын бизнес-модельдің мақсатына бағалау жүргізеді, өйткені бұл бизнесті басқару тәсілін және ақпараттың басшылыққа қалай ұсынылатынын жақсы көрсетеді. Компания келесі ақпаратты талдайды:

- Портфельді басқару үшін белгіленген саясат пен мақсаттар, сондай-ақ аталған саясаттарды іс жүзінде іске асыру. Атап айтқанда, басқару стратегиясы шартта көзделген пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі бір құрылымын қолдауға, қаржы активтерін өтеу мерзімдерінің осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржы міндеттемелерін өтеу мерзімдеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша қаражаты ағынын жүзеге асыруға бағдарланған ба.
- Портфельдің нәтижелілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат Компания басшылығына қалай жеткізіледі.
- Бизнес-модельдің нәтижелілігіне әсер ететін тәуекелдер (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтері) және осы тәуекелдерді басқару қалай жүзеге асырылады.
- Портфельді басқаруға жауапты менеджерлерге сыйақы қалай жүзеге асырылады (мысалы, бұл сыйақы көрсетілген активтердің әділ құнына немесе активтер бойынша алынған ақша қаражатының шартта көзделген ағындарына байланысты ма).
- Сату жиілігі, көлемі және өткен кезеңдерде пайда болуы, мұндай сатулардың себебі, сондай-ақ болашақ сату деңгейіне қатысты күтім. Алайда сату деңгейі туралы ақпарат оқшауланған түрде қаралмайды, Компания мәлімдеген қаржы активтерін басқару мақсатына қалай қол жеткізетінін және ақша қаражатының ағындары қалай іске асырылатынын бірыңғай тұтас талдау шеңберінде қарастырылады.

Саудалау үшін ұсталатын немесе басқаруы жүзеге асырылатын және нәтижелілігі әділ құн негізінде бағаланатын қаржы активтері пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланады, өйткені олар шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу мақсатында не шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу, сондай-ақ қаржы активтерін сату мақсатында да ұсталмайды.

**Шартта көзделген ақша қаражатының ағындары негізгі сома мен пайыздарды ғана төлеу болып табылатынын бағалау.**

Бұл бағалаудың мақсаттары үшін «негізгі сома» оны бастапқы тану кезінде қаржы активінің әділ құны ретінде айқындалады. «Пайыздар» ақшаның уақыттық құны үшін, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмеген негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және кредит беруге байланысты басқа да негізгі тәуекелдер мен жұмсалымдар үшін (мысалы, өтімділік тәуекелі және әкімшілік жұмсалымдар) өтеу ретінде айқындалады, сондай-ақ пайда маржасын қамтиды.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(б) Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері, жалғасы**

***(i) Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы***

***Қаржы активтері - 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын есеп саясаты, жалғасы***

**Шартта көзделген ақша қаражатының ағындары негізгі сома мен пайыздарды ғана төлеу болып табылатынын бағалау, жалғасы**

Шартта көзделген ақша қаражатының ағындары негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне пайыздарды тек қана төлеу болып табылатындығын («SPPI критерийі») бағалау кезінде Компания қаржы құралының шарттық талаптарын талдайды. Бұған қаржы активі туралы шарт талаптары бойынша қаржы активінің шарт бойынша ақша қаражаты ағындарының мерзімін немесе сомасын, талданатын талапты қанағаттандырмайтын қандай да бір талаптаманың қарастырылуы тұрғысынан бағалау. Бағалауды жүргізу кезінде Компания мыналарды назарға алады:

- ақша қаражаты ағындарының мерзімін немесе сомасын өзгерте алатын шартты оқиғалар;
- иінтірек әсері бар талаптамалар (левередж);
- мерзімінен бұрын өтеу және қолданылу мерзімін ұзарту туралы талаптамалар;
- Компанияның талаптарын белгілі бір активтер бойынша ақша ағындарымен шектейтін талаптамалар (мысалы, «регресс құқығынсыз» активтер);
- ақшаның уақыттық құны үшін өтемнің өзгеруіне әкелетін талаптамалар - мысалы, пайыздық мөлшерлемелерді мерзімдік негізде қайта қарау.

**Қайта жіктеу**

Қаржы активтерін бастапқы танудан кейінгі жіктеу, Компания өзінің қаржы активтерін басқару жөніндегі бизнес-моделін өзгертетін мерзімнен кейінгі кезеңді қоспағанда, өзгермейді.

***Қаржы активтері - 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылатын есеп саясаты***

Компания қаржы активтерін келесі санаттардың біріне жіктейді:

- кредиттер және дебиторлық берешек;
- өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар;
- сату үшін қолда бар.

*Кредиттер және дебиторлық берешек* белсенді жұмыс істейтін нарықта баға белгіленбейтін белгілі бір немесе белгіленген төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді, мыналарды қоспағанда:

- шұғыл түрде немесе жақын болашақта сатуға ниеті бар,

- бастапқы тану кезінде Компания өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызатын,

- бастапқы тану сәтінде сату үшін қолда бар санатқа жатқызатын;

- олар бойынша кредиттің құнсыздануынан өзгеше себептер бойынша бастапқы жүзеге асырылған барлық инвестицияларды өтемеуі мүмкін.

Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар, - Компания өтеу мерзімі басталғанға дейін ұстап қалуға ниеті бар және қабілетті, белгіленген немесе белгілі бір төлемдері және белгіленген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді, мыналарды қоспағанда:

- бастапқы тану кезінде Компания өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылатын

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(б) Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері, жалғасы**

***(i) Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы***

***Қайта жіктеу, жалғасы***

***Қаржы активтері — 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылатын есеп саясаты, жалғасы***

- Компания сату үшін қолда бар санатқа жатқызады; немесе
- кредиттер мен дебиторлық берешек анықтамасына сәйкес келеді.

*Сату үшін қолда бар қаржы активтері* сату үшін қолда бар санатқа жатқызылатын немесе *кредиттер мен дебиторлық берешек*, өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар немесе өзгеруі кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары анықтамасына жатпайтын туынды емес қаржы активтерін білдіреді.

***Қаржы міндеттемелері***

Компания қаржы міндеттемелерін амортизацияланған құн бойынша бағаланатын ретінде жіктейді.

Бастапқы танудан кейін қаржы міндеттемелерін жіктеу өзгертуге жатпайды.

***(ii) Тануды тоқтату***

***Қаржы активтері***

Компания осы активтен ақша қаражатының ағындарына шартта көзделген құқықтардың қолданылу мерзімі аяқталған кезде не ол екінші тарапқа осы қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалар іс жүзінде берілетін мәміле нәтижесінде осы активтен ақша қаражатының ағындарын алу құқығын беретін немесе Компания бермейтін және осы қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде сақтап қалмайтын сәтте қаржы активін тануды тоқтатады және осы қаржы активіне бақылауды сақтамайды.

Қаржы активін тануды тоқтату кезінде активтің баланстық құны (немесе тану тоқтатылған актив бөлігіне бөлінген баланстық құны) мен алынған өтем сомасы (і) (өзіне қабылданған жаңа міндеттеменің шамасын шегере отырып, алынған жаңа активтің шамасын қоса алғанда) және (ІІ) өзге де жиынтық кіріс құрамында танылған кез келген жинақталған пайда немесе шығын арасындағы айырма пайда немесе шығын құрамында танылады.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына Компанияның қалауы бойынша жіктелген үлестік инвестициялық бағалы қағаздар бойынша өзге де жиынтық кіріс құрамында танылған пайданың/шығынның кез келген жинақталған сомасы осындай бағалы қағаздарды тану тоқтатылған кезде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктеуге жатпайды.

Компания оның шарттары бойынша қаржылық жағдай туралы есепте танылған активтерді беретін мәмілелерді жасайды, бірақ бұл ретте берілген активтерге не олардың бөлігіне меншік құқығымен байланысты барлық немесе іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданы өзінде сақтайды. Мұндай жағдайларда берілген активтерді есепке алуда тануды тоқтату жүргізілмейді. Мұндай мәмілелердің мысалдары қарызға бағалы қағаздар беру мен «РЕПО» мәмілелері болып табылады.

Компания қаржы активін өзінде сақтамайтын және қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды іс жүзінде бермейтін және берілген активке бақылауды сақтайтын мәмілелерде Компанияның берілген актив құнының өзгеру тәуекеліне ұшырау дәрежесі ретінде айқындалатын активке жалғасатын қатысуды сақтаған дәрежеде активті тануды жалғастырады.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(б) Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері, жалғасы**

***(ii) Тануды тоқтату, жалғасы***

*Қаржы міндеттемелері*

Компания ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, күші жойылған немесе тоқтатылған кезде қаржы міндеттемесін тануды тоқтатады.

***(iii) Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің шарттарын түрлендіру***

***Қаржы активтері***

Егер қаржы активінің шарттары өзгерсе, Компания осындай түрлендірілген актив бойынша ақша қаражаты ағынының айтарлықтай өзгешеленуін бағалайды. Егер ақша қаражатының ағындары айтарлықтай өзгешеленетін болса («шарттарды едәуір түрлендіру»), онда бастапқы қаржы активі бойынша шартта көзделген ақша қаражатының ағындарына құқықтар аяқталды деп есептеледі. Бұл жағдайда бастапқы қаржы активін тану тоқтатылады және жаңа қаржы активі әділ құны бойынша есепте танылады және оған мәміле бойынша тиісті жұмсалымдар қосылады. Түрлендіру шеңберінде туындаған комиссиялық сыйақының алынған сомалары мынадай түрде есепте танылады:

- жаңа активтің әділ құнын айқындау кезінде ескерілетін комиссиялық сыйақы сомасы, сондай-ақ мәміле бойынша тиісті жұмсалымдарды өтеуді білдіретін комиссиялық сыйақы сомасы осы активтің бастапқы бағасына енгізіледі; және
- комиссиялық сыйақының басқа да сомалары пайда немесе шығын құрамында тануды тоқтатудан болған пайданың немесе шығынның бөлігі ретінде танылады.

Қолданыстағы қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері бойынша ақша қаражаты ағындарының шамасының өзгеруі, егер олар шарттың ағымдағы талаптарының салдары болып табылса, егер тиісті кредит беру шарты Компанияның пайыздық мөлшерлемелерді өзгерту мүмкіндігін көздесе, шарттарды түрлендіру болып есептелмейді.

Компания шарттарды түрлендіру едәуір болып табылатындығына, яғни бастапқы қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағындары мен түрлендірілген немесе оны ауыстырған қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағындары айтарлықтай айырмашылығының бар-жоғына сандық және сапалық бағалауды жүргізеді. Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық және сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, шарттарды түрлендірудің маңыздылығына сандық және сапалық бағалауды жүргізеді. Егер ақша қаражатының ағындары айтарлықтай өзгешеленетін болса, онда бастапқы қаржы активі бойынша шартта көзделген ақша қаражатының ағындарына құқықтар аяқталды деп есептеледі. Осы бағалауды жүргізу кезінде Компания ұқсас қаржы міндеттемелерін тануды тоқтатуға қатысты нұсқауларды басшылыққа алады.

Егер түрлендіру қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты болса, онда мұндай түрлендірудің мақсаты, әдетте, бастапқы шарттардан едәуір ерекшеленетін шарттарда жаңа активті құру (беру) емес, шарттың бастапқы талаптарына сәйкес активтің құнын барынша сомада өтеу болып табылады. Егер Компания қаржы активін қолданыстағы шартта көзделген ақша қаражаты ағындарының бір бөлігін кешіруге әкеп соқтыратындай етіп түрлендіруді жоспарласа, онда ол түрлендіру жүргізгенге дейін осы активтің бір бөлігін есептен шығару қажеттігі тұрғысынан талдануы тиіс (төменде есептен шығаруға қатысты саясатты қар.). Бұл тәсім сандық бағалау нәтижесіне әсер етеді және мұндай жағдайларда тиісті қаржы активін тануды тоқтату критерийлерінің әдетте сақталмауына әкеп соғады. Компания сондай-ақ шарттарды түрлендіру едәуір болып табылатындығына сапалы баға береді.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(б) Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері, жалғасы**

***(iii) Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің шарттарын түрлендіру, жалғасы,***

***Қаржы активтері, жалғасы***

Егер амортизацияланған құн бойынша немесе өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активінің шарттарын түрлендіру осы қаржы активін тануды тоқтатуға әкелмесе, онда Компания осы актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланып, осы активтің жалпы баланстық құнын қайта есептейді және пайда болған айырманы пайда немесе шығын құрамында түрлендіруден пайда немесе шығын ретінде таниды. Өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қаржы активтеріне қатысты түрлендіруден түсетін пайданы немесе шығынды есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме түрлендіруді жүргізу сәтіндегі ағымдағы нарықтық шарттарды көрсету үшін түзетіледі. Осындай түрлендіру шеңберінде келтірілген жұмсалымдар немесе төленген комиссиялар және алынған комиссиялық сыйақылар модификацияланған қаржы активінің жалпы баланстық құнын түзетеді және модификацияланған қаржы активінің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

**Қаржы міндеттемелері**

Компания қаржы міндеттемесін тануды, шарттары түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша қаражаты ағындарының шамасы айтарлықтай өзгеретін жолмен өзгертілгенде тоқтатады. Бұл жағдайда түрлендірілген шарттары бар жаңа қаржы міндеттемесі әділ құн бойынша танылады. Бұрынғы қаржы міндеттемесінің баланстық құны мен түрлендірілген шарттары бар жаңа қаржы міндеттемесінің құны арасындағы айырма пайда немесе шығын құрамында танылады. Төленген өтем, егер мұндайлар бар болса, берілген қаржылық емес активтерді және жаңа түрлендірілген қаржы міндеттемесін қоса алғанда, өзіне қабылданған міндеттемелерді қамтиды.

Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық және сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, шарттарды түрлендірудің маңыздылығына сандық және сапалық бағалауды жүргізеді. Компания келесі сапалық факторлардың негізінде шарттарды түрлендіру едәуір болып табылатыны туралы қорытындыға келеді:

- қаржы міндеттемесі валютасының өзгеруі;
- қамтамасыз ету түрін немесе міндеттеме сапасын арттырудың басқа да құралдарын өзгерту.

Сандық бағалауды жүргізу мақсаттары үшін, егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған алынған комиссиялық сыйақыны шегергендегі комиссиялық сыйақыны төлеуді қоса алғанда, жаңа шарттарға сәйкес ақша қаражаты ағындарының келтірілген құны бастапқы қаржы міндеттемесі бойынша қалған ақша қаражаты ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кем дегенде 10% -ға өзгеше болса, шарттар едәуір өзгешеленетін болып саналады.

Егер қаржы міндеттемесінің шарттарын түрлендіру оны тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, онда міндеттеменің амортизацияланған құны бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша ақша қаражатының түрлендірілген ағындарын дисконттау жолымен қайта есептеледі және нәтижесінде пайда болған айырма пайда немесе шығын құрамындағы түрлендіруден пайда немесе шығын ретінде танылады. Өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қаржы міндеттемелеріне қатысты түрлендіруден түсетін пайданы немесе шығынды есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме түрлендіруді жүргізу сәтіндегі ағымдағы нарықтық шарттарды көрсету үшін түзетіледі. Түрлендіру шеңберінде келтірілген жұмсалымдар немесе төленген комиссиялар міндеттеменің баланстық құнын түзету ретінде танылады және құралдар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта есептеу жолымен түрлендірілген қаржы міндеттемесінің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(б) Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері, жалғасы**

***(iii) Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің шарттарын түрлендіру, жалғасы 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылатын есеп саясаты***

**Қаржы активтері**

Егер қаржы активінің шарттары өзгерсе, Компания осындай түрлендірілген актив бойынша ақша қаражаты ағынының айтарлықтай өзгешеленуін бағалайды. Егер ақша қаражатының ағындары едәуір өзгешеленетін болса, онда шартта көзделген бастапқы қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағындарына құқықтар аяқталды деп есептеледі. Бұл жағдайда бастапқы қаржы активін тану тоқтатылады (3(б)(II)) ескертпені қар.), және жаңа қаржы активі әділ құны бойынша есепте танылады және мәміле бойынша тиісті жұмсалымдар қосылады.

Егер қаржы активінің шарттарын түрлендіру қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты болса және түрлендіру активті тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, онда активтің құнсыздану сомасын бағалау кезінде түрлендіруге дейінгі пайыздық мөлшерлеме пайдаланылады (3(б)(iv) ескертпені қар).

**Қаржы міндеттемелері**

Компания қаржы міндеттемесін тануды, шарттары түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша қаражаты ағындарының шамасы айтарлықтай өзгеретін жолмен өзгертілгенде тоқтатады. Бұл жағдайда түрлендірілген шарттары бар жаңа қаржы міндеттемесі әділ құн бойынша танылады. Бұрынғы қаржы міндеттемесінің баланстық құны мен түрлендірілген шарттары бар жаңа қаржы міндеттемесінің құны арасындағы айырма пайда немесе шығын құрамында танылады. Төленген өтем, егер мұндайлар бар болса, берілген қаржылық емес активтерді және жаңа түрлендірілген қаржы міндеттемесін қоса алғанда, өзіне қабылданған міндеттемелерді қамтиды.

Егер қаржы міндеттемесінің шарттарын түрлендіру оны тануды тоқтатуға әкелмесе, онда түрлендіру шеңберінде келтірілген жұмсалымдар немесе төленген комиссиялар міндеттеменің баланстық құнын түзету ретінде танылады және түрлендірілген қаржы міндеттемесінің қалған қолданылу мерзімі ішінде құрал бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта есептеу жолымен амортизацияланады.

***(iv) Құнсыздану***

сондай-ақ 4-ескертпені қар.

***2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын есеп саясаты***

Компания пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құрал болып табылатын қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервін таниды.

Компания резерв сомасы 12 айлық күтілетін кредиттік шығындарға тең болатын мынадай құралдарды қоспағанда, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға тең сомада күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтерін таниды:

- есепті күнгі жағдай бойынша төмен кредиттік тәуекелі бар борыштық инвестициялық бағалы қағаздар; және
- кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап едәуір жоғарыламаған басқа да қаржы құралдары.

Компания, егер оның кредиттік рейтингі әлемде жалпы қабылданған «инвестициялық сапа» рейтингінің анықтамасына сәйкес келсе, борыштық инвестициялық бағалы қағаздың төмен кредиттік тәуекелі бар деп санайды.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

### (б) Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері, жалғасы

*(iv) Құнсыздану, жалғасы*

***2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын есеп саясаты, жалғасы***

12 айлық күтілетін кредиттік шығындар - бұл есепті күннен кейін 12 ай ішінде ықтималды қаржы құралы бойынша дефолт оқиғаларының салдарынан күтілетін кредиттік шығындардың бөлігі. 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар танылатын қаржы құралдары «1-сатылы» қаржы құралдарына жатады.

Бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар қаржы құралы бойынша барлық ықтималды дефолт оқиғалары нәтижесінде күтілетін кредиттік шығындар ретінде айқындалады. Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған активтер болып табылмайтын, олар бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар танылатын қаржы құралдары «2-сатылы» (егер қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел оның бастапқы танылған сәтінен бастап едәуір жоғарылаған, бірақ қаржы құралы кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын жағдайда) және «3-сатылы» (егер қаржы құралы кредиттік-құнсызданған болып табылған жағдайда) қаржы құралдарына жатады.

***Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау***

Күтілетін кредиттік шығындар дефолттың басталу ықтималдығы бойынша өлшенген кредиттік шығындардың есептік бағасын білдіреді. Олар былайша бағаланады:

- *есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын қаржы активтеріне қатысты:* ақша қаражатының барлық күтілетін толық алынбаған мөлшерінің келтірілген құны ретінде (яғни шартқа сәйкес Компанияға тиесілі ақша қаражатының ағындары мен Компания алуды күтетін ақша қаражатының ағындары арасындағы айырма);
- *есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын қаржы активтеріне қатысты:* активтердің жалпы баланстық құны мен ақша қаражатының есептік болашақ ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде айқындалады.

***Қайта құрылымдалған қаржы активтері***

Тараптардың келісімі бойынша қаржы активінің шарттары қайта қаралған немесе қаржы активінің шарттарын түрлендірілген немесе қарыз алушының қаржылық қиындықтары себебінен қолда бар қаржы активін жаңасымен ауыстырған жағдайда осы қаржы активін тануды тоқтату қажеттілігі тұрғысынан бағалау жүргізіледі және күтілетін кредиттік шығындар былайша бағаланады:

Егер күтілетін қайта құрылымдау қолда бар активті тануды тоқтатуға әкелмесе, онда түрлендірілген қаржы активі бойынша ақша қаражатының күтілетін ағындары қолда бар актив бойынша ақша қаражатын толық алмау сомасының есебіне енгізіледі (4-ескертпені қар.).

- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолда бар активті тануды тоқтатуға әкелмесе, онда түрлендірілген қаржы активі бойынша ақша қаражатының күтілетін ағындары қолда бар актив бойынша ақша қаражатын толық алмау сомасының есебіне енгізіледі (4-ескертпені қар.).
- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолда бар активті тануды тоқтатуға алып келетін болса, онда жаңа активтің күтілетін әділ құны оны тануды тоқтату сәтінде қолда бар актив бойынша ақша қаражатының түпкілікті ағыны ретінде қаралады. Бұл сома қолда бар қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланып, тануды тоқтату күтілетін күнінен есепті күнге дейінгі кезең ішіндегі дисконтталатын қолда бар қаржы активі бойынша ақша қаражатын толық алмау сомасының есебіне енгізіледі.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(б) Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері, жалғасы**

***(iv) Құнсыздану, жалғасы***

***2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын есеп саясаты, жалғасы Кредиттік-***

***құнсызданған қаржы активтері***

Әрбір есепті күнге Компания амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін және өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық қаржы активтерін олардың кредиттік құнсыздануы тұрғысынан бағалауды жүргізеді. Қаржы активі осындай қаржы активі бойынша ақша қаражатының болашақ есептік ағындарына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиға болған кезде «кредиттік-құнсызданған» болып табылады.

Қаржы активінің кредиттік құнсыздануының белгісі, атап айтқанда, мынадай байқалатын деректер болып табылады:

- қарыз алушының немесе эмитенттің елеулі қаржылық қиындықтары;
- дефолт немесе төлем мерзімін өткізіп алу сияқты шарт талаптарының бұзылуы;
- Компанияның заемды немесе аванстық төлемді өзге жағдайларда ол қарамайтын шарттарда қайта құрылымдау;
- қарыз алушының банкроттығы немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастырылуы ықтималдығының туындауы; немесе
- қаржылық қиындықтар нәтижесінде бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жойылуы.

***Қаржылық жағдай туралы есепте күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервін ұсыну***

Күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервінің сомасы қаржылық жағдай туралы есепте былайша берілген:

- *амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері:* осы активтердің жалпы баланстық құнының азаюы ретінде;
- *өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар:* шығындар бойынша бағалау резерві қаржылық жағдай туралы есепте танылмайды, өйткені бұл активтердің баланстық құны олардың әділ құны болып табылады. Алайда шығындар бойынша бағалау резервінің шамасы ашылып көрсетіледі және әділ құнның өзгерістері бойынша резервтің құрамында танылады.

***Есептен шығару***

Кредиттер мен борыштық бағалы қағаздар оларды өтеудің негізді күтулері болмаған кезде есептен шығаруға (ішінара немесе толық сомада) жатады . Әдетте, бұл Компания қарыз алушыда есептен шығаруға жататын берешек сомасын өтеу үшін жеткілікті көлемде ақша қаражатының ағындарын генерациялауы мүмкін активтер немесе кіріс көздерінің бар-жоғын анықтау жағдайына тән. Бұл бағалау әрбір актив үшін жеке орындалады.

Бұрын есептен шығарылған сомаларды өтеу пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте «борыштық қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығындар» бабында көрсетіледі.

Есептен шығарылған қаржы активтеріне қатысты Компания тиесілі сомаларды өтеу жөніндегі саясатқа сәйкес берешекті өндіріп алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруды жалғастыра алады.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(б) Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері, жалғасы**

***(iv) Құнсыздану, жалғасы***

***2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылатын есеп саясаты***

***Активтердің құнсыздануы***

Компания әрбір есепті кезеңнің соңында қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті белгісінің болуы тұрғысынан бағалау жүргізеді. Мұндай белгілер болған жағдайда, Компания құнсызданудан болған кез келген шығын мөлшерін бағалайды.

Құнсыздану қаржы активін бастапқы танудан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде болған туралы объективті дәлелдемелері болған жағдайда ғана және аталмыш оқиға (немесе оқиғалар) жеткілікті сенімділік дәрежесімен бағалауға болатын қаржы активі немесе қаржы активтері тобы бойынша ақша қаражатының болжамды болашақ ағындарына әсер еткен жағдайда ғана қаржы активі немесе қаржы активтері тобының құнсыздануы және құнсызданудан болған шығындар орын алады.

Қаржы активтерінің құнсыздануының объективті дәлелдемелеріне қарыз алушы жол берген міндеттемелерді орындамау (дефолт) немесе төлемдердің мерзімін өткізіп алу, қарыз алушының шарт бойынша міндеттемелерін немесе шарт талаптарын бұзуы, кез келген басқа жағдайда Компания қарастырмайтын, қаржы активі немесе қаржы активтері тобының қайта құрылымдауы шартымен, қарыз алушының немесе эмитенттің ықтимал банкроттығының белгілерін, бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жойылуы, қамтамасыз ету құнының төмендеуі немесе топқа кіретін қарыз алушылардың төлем қабілеттілігінің нашарлауы немесе міндеттемелерді орындамаумен (дефолтпен) сабақтасатын экономикалық талаптардың өзгеруі сияқты активтер тобына жататын басқа да байқалатын деректер жатады.

***Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері***

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері, негізінен, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектен және басқа да дебиторлық берешектен (бұдан әрі - «кредиттер және дебиторлық берешек») тұрады. Компания ықтимал құнсыздануды анықтау мақсатында кредиттер мен дебиторлық берешектерді үнемі бағалауды жүргізеді.

Компания алдымен жеке алғанда елеулі болып табылатын кредиттер мен дебиторлық берешек бойынша жекеше және жеке алғанда елеулі болып табылмайтын кредиттер мен дебиторлық берешек бойынша жекеше немесе ұжымдық тұрғыдан құнсызданудың объективті дәлелдемелерінің болуын бағалайды. Егер Компания жеке алғанда, елеулі немесе болмашы деп бағаланатын кредиттер немесе дебиторлық берешек бойынша құнсызданудың объективті дәлелдемелерінің жоқтығын анықтаған жағдайда кредит немесе дебиторлық берешек кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бар кредиттер және дебиторлық берешек тобына енгізіледі және құнсыздану нысанына ұжымдық тұрғыдан бағаланады. Құнсызданудан болған шығын пайда болатын немесе болуы жалғастырылатын құнсыздану тұрғысынан жеке алғанда бағаланатын кредиттер мен дебиторлық берешек құнсыздану тұрғысынан ұжымдық бағалауға енгізілмейді.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(б) Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері, жалғасы**

***(iv) Құнсыздану, жалғасы***

***2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын есеп саясаты, жалғасы***

***Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері, жалғасы***

Кредит немесе дебиторлық берешек бойынша құнсызданудан болған шығынның объективті дәлелдемелері болған жағдайда шығын сомасы кредиттің немесе дебиторлық берешектің баланстық құны мен ағымдағы сәтке келтірілген, кредит немесе дебиторлық берешек бойынша тиімді сыйақы мөлшерлемесін пайдаланып дисконтталған кепілдіктердің және қамтамасыз етудің өтелетін құнын қоса алғанда, ақша қаражатының болжамды болашақ ағындарының құны арасындағы айырма ретінде өлшенеді. Жасалған шарттардың талаптарына сәйкес ақша қаражатының ағындары және ағымдағы экономикалық жағдайларды көрсететін қолда бар тиісті ақпарат негізінде түзетілген шығындарды алудың тарихи тәжірибесі ақша қаражатының болжамды ағындарын айқындау үшін негіз болып табылады.

Бірқатар жағдайларда кредит немесе дебиторлық берешек бойынша құнсызданудан болған шығын сомасын анықтау үшін қажетті қолда бар ақпарат ағымдағы шарттар мен мән-жайларға шектелуі немесе одан әрі сәйкес келмеуі мүмкін. Егер қарыз алушы қаржылық қиындықтарды бастан кешірген, ал осындай қарыз алушыларға қатысты қолжетімді ақпараттың көлемі шектелген болса мұндай жағдай орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайларда Компания құнсызданудан болған шығын сомасын анықтау үшін өзінің тәжірибесі мен пайымдауларына сүйенеді.

Кредиттер мен дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған барлық шығындар пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі және егер өтелетін құнның кейінгі ұлғаюы құнсызданудан болған шығындар танылғаннан кейін болған оқиғамен объективті байланысты болған жағдайда ғана қалпына келтіруге жатады.

Егер кредит бойынша берешекті өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда, кредиттердің құнсыздануынан болған шығын бойынша тиісті резерв есебінен кредит есептен шығарылады. Мұндай кредит (және кредиттердің құнсыздануынан болған шығындар бойынша кез келген тиісті резервтер) Компания басшылығы кредит бойынша берешекті өндіріп алу мүмкін еместігін және кредит бойынша берешекті өндіріп алу жөніндегі барлық қажетті рәсімдер аяқталғанын анықтағаннан кейін есептен шығарылады.

***Сату үшін қолда бар қаржы активтері***

Сату үшін қолда бар қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығындар өзге де жиынтық кіріс құрамында танылған жинақталған шығынды қайта жіктелген түзету ретінде пайда немесе шығын құрамына аудару арқылы танылады. Өзге де жиынтық кіріс құрамынан пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелетін жинақталған шығын бұрын пайда немесе шығын құрамында танылған құнсызданудан болған шығынды шегере отырып, негізгі сома мен амортизацияның кез келген төлемдерін шегере отырып, сатып алу құны мен ағымдағы әділ құн арасындағы айырманы білдіреді. Ақшаның уақыттық құнына жататын құнсыздану бойынша резервтің өзгерістері пайыздық кірістің компоненті ретінде көрсетіледі.

Егер кейінгі кезеңде сату үшін қолда бар құнсызданған борыштық бағалы қағаздың әділ құны өскен және ұлғаю пайда немесе шығын құрамында құнсызданудан болған шығын танылғаннан кейін болған оқиғамен объективті байланысты болған жағдайда, құнсызданудан болған шығын қалпына келтіріледі және қалпына келтірілген шама пайда немесе шығын құрамында танылады. Алайда сату үшін қолда бар құнсызданған үлестік бағалы қағаздың әділ құнын кейіннен кез келген қалпына келтіру өзге де жиынтық кіріс құрамында танылады.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(в) Шетел валютасындағы операциялар**

Шетел валютасындағы операциялар олар жасалатын күнгі қолданыста болған валюталық бағамдар бойынша Компанияның функционалдық валютасына аударылады. Есепті күнгі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнгі қолданыста болған валюталық бағам бойынша функционалдық валютаға аударылады. Монетарлық активтермен және шетел валютасында көрсетілген міндеттемелермен жасалатын операциялардан түскен пайда немесе шығын кезең ішіндегі сыйақы мен төлемдердің тиімді мөлшерлеме бойынша есептелген шамаға түзетілген кезеңнің басындағы жағдай бойынша функционалдық валютадағы амортизацияланған құн мен есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша валюталық бағам бойынша функционалдық валютаға аударылған шетел валютасындағы амортизацияланған құн арасындағы айырманы білдіреді.

Әділ құны бойынша бағаланатын шетел валютасында көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды айқындау күнгі қолданыста болған валюталық бағамдар бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасында көрсетілген және нақты жұмсалымдар бойынша көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер операция жасалған күні қолданыста болған валюталық бағам бойынша функционалдық валютаға аударылады.

**(г) Сақтандыру шарттары**

***(і) Шарттарды жіктеу***

Егер белгілі бір ықтимал болашақ оқиға («сақтандыру жағдайы») сақтанушыға немесе өзге де бенефициарға теріс әсер еткен жағдайда, Компания сақтанушыға немесе бенефициарға өтеуге келісім бере отырып, екінші тараптың (бұдан әрі - «сақтанушы») елеулі сақтандыру тәуекелін өзіне қабылдайтын шарттар сақтандыру шарттары ретінде жіктеледі. Сақтандыру тәуекелі - бұл қаржылық тәуекелден өзгеше тәуекел. Қаржылық тәуекел - бұл болашақта бір немесе бірнеше белгілі бір сыйақы мөлшерлемелерінің, бағалы қағаздар құнының, тауарлар бағаларының, валюталық бағамның, бағалар индексінің немесе мөлшерлемелердің, кредиттік рейтингтің немесе кредиттік индекстің, немесе қаржылық емес айнымалылар жағдайында мұндай айнымалылар сақтандыру шартының тараптарына тән болып табылмайды деген шартпен өзге де айнымалылар өзгерістерінің ықтимал тәуекелі. Сақтандыру шарттары бойынша белгілі бір қаржылық тәуекел де берілуі мүмкін.

Сақтандыру тәуекелі, егер сақтандыру жағдайы Компанияның елеулі қосымша сақтандыру сыйлықақыларын төлеу қажеттілігіне әкеп соғуы мүмкін жағдайда ғана елеулі болып табылады. Шарт оны осындай деп таныған сәттен бастап және осы шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелер орындалғанға немесе аяқталғанға дейін сақтандыру шарты ретінде жіктеледі.

Сақтандыру тәуекелінің сақтанушыдан Компанияға өтуі елеусіз болып табылатын сақтандыру шарттары қаржы құралдары ретінде жіктеледі.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

***(г) Сақтандыру шарттары, жалғасы***

***(ii) Сақтандыру шарттарын тану және бағалау***

*Сыйлықақылар*

Жалпы сақтандыру бойынша есептелген сыйлықақыларға ағымдағы жылы күшіне енетін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары олардың жалпы немесе ішінара келесі есепті кезеңге қатысы бар-жоғына қарамастан қосылады. Сыйлықақылар делдалдар комиссиясын қамтитын жалпы сомамен көрсетіледі және сыйлықақылар бойынша салықтар мен алымдарды қамтымайды. Еңбекпен табылған сыйақылардың бөлігі кіріс ретінде танылады. Сыйлықақылар сақтандыру тәуекелінің құрылымы негізінде сақтандыру кезеңі ішінде сақтандыру өтемі басталған күннен бастап еңбекпен табылған деп танылады. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар қайта сақтандыру жөніндегі қызметтің құрылымына сәйкес шығыстар ретінде танылады. Танылмайтын қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылардың бөлігі алғытөлем ретінде қарастырылады.

*Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резерв*

Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резерв қабылданған жалпы сыйлықақылардың бөлігі болып табылады, ол келесі немесе одан кейінгі қаржы жылдарында пайда болады деп күтіліп отырғандай, пропорционалды әдісті пайдаланып, әрбір сақтандыру шарты үшін жеке есептеледі. Резерв сақтандыру шартымен жабылатын кезең ішінде тәуекел дәрежесінің кез келген өзгерістерін көрсету үшін қажет болған жағдайда түзетіледі.

*Талаптамалар*

Талаптамалар төленбеген талаптар бойынша резервтегі өзгеріспен бірге қаржы жылы ішінде төленген талаптарды реттеу жөніндегі талап-арыздардан және шығыстардан тұрады.

Төленбеген талаптамалар олардың мәлімделгенінің бар-жоғына қарамастан, есепті күнге келтірілген, бірақ төленбеген барлық талаптамаларды түпкілікті реттеу бойынша бағалау шығыстары шегінде Компания құрған резервтерден, сондай-ақ талаптамаларды реттеу бойынша тиісті ішкі және сыртқы жұмсалымдардан тұрады. Төленбеген талаптамалар жеке талаптамаларды бағалау және болған, бірақ әлі мәлімделмеген талаптамалар бойынша резервтер құру есебінен қалыптасады, бұл ретте мұндай талаптарды реттеу жөніндегі рәсімдердегі өзгерістер, заңнамадағы өзгерістер, жинақтаған тәжірибе мен үрдістер сияқты ішкі және сыртқы болжанатын факторлардың әсері назарға алынады. Төленбеген талаптамалар бойынша резервтер дисконтталмайды.

Басшылық талаптамалар бойынша резервтер мен байланысқан өтемақылар қайта сақтандыру есебінен қазіргі кездегі қолда бар ақпарат негізінде дұрыс көрсетілген деп есептесе де, түпкі міндеттеме кейінгі ақпараттың пайда болуы және оқиғалардың пайда болуы нәтижесінде өзгеретін болады және құрылған резервтің елеулі түзетулеріне әкеп соғуы мүмкін. Өткен кезеңдерде қалыптастырылған талаптамалар бойынша резервтердің сомалары бойынша түзетулер осындай түзетулер олар жүргізілген кезеңдегі қаржылық есептілікте көрсетіледі және егер елеулі болып табылса, жеке ашылып көрсетіледі. Пайдаланылатын әдістер мен жүргізілген бағалау жүйелі негізде қайта қаралады.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(г) Сақтандыру шарттары, жалғасы**

***(iii) Қайта сақтандыру жөніндегі активтер***

Компания тәуекелдерді әртараптандыру жолымен өзінің таза ықтимал шығынын шектеу мақсатында әдеттегі қызмет барысында қайта сақтандыруды жүргізеді. Қайта сақтандыру бойынша шарттар жасасу нәтижесінде туындайтын активтер, міндеттемелер, кірістер мен шығыстар тиісті сақтандыру шарттары бойынша тиісті активтерден, міндеттемелерден, кірістер мен шығыстардан бөлек есепке алынады, өйткені қайта сақтандыру жөніндегі келісімдер Компанияны оның сақтанушылар алдындағы тікелей міндеттемелерінен босатпайды.

Елеулі сақтандыру тәуекелін беруге әкелетін шарттар бойынша құқықтар ғана қайта сақтандыру жөніндегі активтер ретінде ескеріледі. Елеулі сақтандыру тәуекелі берілмейтін шарттар бойынша құқықтар қаржы құралдары ретінде ескеріледі.

Қайта сақтандыру бойынша берілген сақтандыру сыйлықақылары тиісті сақтандыру шарттары бойынша сыйлықақыларды тану негіздеріне сәйкес келетін негізде шығыстар ретінде танылады. Жалпы сақтандыру бойынша қайта сақтандыру бойынша сыйлықақылар қайта сақтандыруға жататын тәуекелдердің күтілетін сипаты негізінде қайта сақтандыруды өтеудің қолданылу кезеңі ішіндегі шығыстарға жатқызылады. Қайта сақтандыру бойынша берілген сыйлықақылардың жұмсалмаған бөлігі қайта сақтандыру жөніндегі активтерге енгізіледі.

Қайта сақтандыру жөніндегі активтер ретінде танылған сомалар тиісті сақтандыру шарттарына қатысты қолда бар резервтерді бағалау негізінде бағаланады.

Қайта сақтандыру жөніндегі активтер төленген талаптамаларға қатысты қайта сақтандырушы компаниялардан алынатын өтемдерді қамтиды. Олар қаржылық жағдай туралы есептегі сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылардың үлесі ретінде жіктеледі.

Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін қайта сақтандырушыға төленетін таза сома осындай шарттар бойынша өз құқықтарына қатысты Компания таныған қайта сақтандыру активтеріне қарағанда аз болуы мүмкін.

Қайта сақтандыру жөніндегі активтер әрбір есепті күнге құнсыздану тұрғысынан бағаланады. Актив бастапқы танылғаннан кейін болған оқиға нәтижесінде Компания алуға жататын барлық соманы өтей алмайтындығы және бұл оқиғаның Компанияның қайта сақтандырушыдан алатын сомаларына шынайы бағалануы мүмкін әсер ететіндігі туралы объективті дәлел болған кезде құнсызданды деп есептеледі.

***(iv) Сақтандыруға комиссиялық шығыстар***

Сақтандыру шарттары бойынша комиссиялық шығыстар сақтандыру агенттеріне және брокерлерге төленген комиссиялық сыйақы сияқты тікелей жұмсалымдарды және ұсыныстарды қарауға және сақтандыру полистерін шығаруға байланысты әкімшілік шығыстар сияқты жанама жұмсалымдарды қамтиды.

Комиссиялық шығыстар олардың жұмсалуына қарай шығыстарға жатқызылады.

***(v) Міндеттемелердің барабарлығын тексеру***

Міндеттемелердің барабарлығын тексеру сақтандыру шарттары бойынша резервтердің барабарлығын айқындау мақсатында әрбір есепті күнге жүргізіледі. Шығындарды реттеу жөніндегі шығыстар және сақтандыру шарттары бойынша резервтер бойынша міндеттемелерді орындауға арналған активтерден алынатын инвестициялық кірістер сияқты ақша қаражаты мен байланысқан шығыстардың барлық болашақ келісімшарттық ағындарының ағымдағы ең жақсы бағалары көрсетілген тексеру жүргізу кезінде пайдаланылады.

Тапшылық анықталған жағдайда қосымша резерв құрылады. Тапшылық бір жылдағы пайда немесе шығын құрамында танылады.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(г) Сақтандыру шарттары, жалғасы**

*(vi) Сақтандыру шарттары бойынша дебиторлық және кредиторлық берешек*

Сақтанушылар, агенттер және қайта сақтандырушылар алдындағы берешек сомасы және сақтанушылардың, агенттердің және қайта сақтандырушылардың берешек сомасы қаржы құралдары болып табылады және сақтандыру шарттары бойынша резервке немесе қайта сақтандыру жөніндегі активтерге емес, сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық және кредиторлық берешек құрамына енгізіледі.

**(д) Ақша қаражаты және оның баламалары**

Ақша қаражаты мен оның баламаларына кассадағы ақша қаражаты, келісімшарттық шектеулері жоқ банктердегі ағымдағы шоттардағы ақша, сондай-ақ әділ құнның елеулі өзгеру тәуекеліне ұшырамаған және Компания қысқа мерзімді міндеттемелерді реттеу үшін пайдаланатын бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан кем болатын жоғары өтімді қаржы активтері кіреді. Ақша қаражаты және оның баламалары қаржылық жағдай туралы есепте амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

**(е) Банктердегі шоттар және депозиттер**

Компанияның үш айдан астам түрлі өтеу мерзімі бар банктердегі депозиттер мен аванстар түріндегі шоттарда қаражаты бар. Белгіленген өтеу мерзімі бар банктердегі қаражат кейіннен сыйақының тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдаланып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Банктердегі шоттар мен депозиттер күтілетін кредиттік шығындар шегеріле отырып (олар болған жағдайда) көрсетіледі.

**(ж) Негізгі құралдар**

*(i) Меншікті активтер*

Негізгі құралдардың объектілері амортизацияның жинақталған сомаларын және құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, нақты құны бойынша көрсетіледі.

Егер негізгі құралдардың объектісі пайдалы пайдаланудың түрлі мерзімі бар бірнеше компоненттерден тұратын болса, мұндай компоненттер негізгі құралдардың жекелеген объектілері ретінде көрсетіледі.

*(ii) Амортизация*

Негізгі құралдар бойынша амортизация оларды пайдалы пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. Амортизация объектіні сатып алған күннен бастап, ал шаруашылық тәсілмен тұрғызылған негізгі құралдар объектілері үшін - объектінің құрылысы аяқталған және оны пайдалануға дайын болған сәттен бастап есептеледі. Жер учаскелері бойынша амортизация есептелмейді. Негізгі құралдардың түрлі объектілерін пайдалы пайдалану мерзімдері мынадай болуы мүмкін:

| | | |
|---|---|---|
| - | Машиналар мен жабдықтар | 3-4 жыл; |
| - | Көлік құралдары | 5 жыл; |
| - | Материалдық емес активтер | 3 жыл. |

**(з) Материалдық емес активтер**

Сатып алынған материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, нақты жұмсалымдар бойынша қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Арнайы бағдарламалық қамтым лицензияларын сатып алуға және оны ендіру бойынша жұмсалымдар тиісті материалдық емес активтің құнына капиталдандырылады.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(з) Материалдық емес активтер, жалғасы**

Материалдық емес активтер бойынша амортизация оларды пайдалы пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде тозуды біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. Пайдалы пайдалану мерзімі бес жыл.

**(и) «РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелері**

Кері сатып алу міндеттемесімен сату туралы келісімдер (бұдан әрі - «РЕПО» мәмілелері») шеңберінде сатылған бағалы қағаздар бағалы қағаздардың кепілімен қамтамасыз етілген қаржыландыруды тарту бойынша операциялар ретінде көрсетіледі, бұл ретте бағалы қағаздар баланста көрсетіле береді, ал контрагенттер алдындағы міндеттемелер «РЕПО» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек» бабына енгізіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық шығыс болып табылады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып, «РЕПО» мәмілесінің қолданылу кезеңіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Кері сату міндеттемесімен келісімдер шеңберінде сатып алынған бағалы қағаздар (бұдан әрі - «кері РЕПО» мәмілелері») «кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек» бабы бойынша, не болмаса егер шарттардың мерзімі үш айдан кем болса, ақша қаражаты мен оның баламаларының құрамында көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық табысты білдіреді және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып, «кері РЕПО» мәмілесінің қолданылу кезеңі ішінде есептеледі.

Егер кері сату міндеттемесімен сатып алу шарттары бойынша сатып алынған активтер үшінші тараптарға сатылса, бағалы қағаздарды қайтару міндеттемесі саудалауға арналған міндеттеме ретінде көрсетіледі және әділ құны бойынша бағаланады.

**(к) Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Кейінге қалдырылған салық активтерінен өзгеше басқа қаржылық емес активтер құнсыздану белгілерінің болуы тұрғысынан әрбір есепті күнгі жағдай бойынша бағаланады. Қаржылық емес активтердің өтелетін құны сату бойынша шығыстарды және пайдаланудан түскен құндылықтарды шегергендегі әділ құнның ең үлкен шамасы болып табылады. Пайдаланудан түскен құндылықтарды айқындау кезінде ақша қаражатының болжамды болашақ ағындары ақшаның уақыттық құнының ағымдағы нарықтық бағасын және осы активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдаланып, олардың ағымдағы сәтіне келтірілген құнына дисконтталады. Өзге активтермен генерацияланатын ақша қаражатынан едәуір дәрежеде тәуелсіз болып келетін ақша қаражатының ағынын генерациялайтын актив үшін өтелетін құн актив тиесілі ақша қаражатын генерациялайтын активтер тобы бойынша айқындалады. Құнсызданудан болған шығын ақша қаражатын генерациялайтын активтің немесе активтер тобының баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кеткен кезде танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған барлық шығындар пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі және егер өтелетін құнды айқындау кезінде пайдаланылатын бағалауда өзгерістер болған жағдайда ғана қалпына келтіруге жатады. Активтің құнсыздануынан болған кез келген шығын активтің баланстық құны егер құнсызданудан болған шығын қаржылық есептілікте көрсетілмеген болғандағыдай осындай баланстық құнынан (амортизацияны және тозуды шегергенде) аспайтын көлемде қалпына келтірілуге жатады.

**(л) Резервтер**

Резерв Компанияның орын алған оқиғаның нәтижесінде заңды немесе негізделген міндеттеме пайда болған және осы міндеттемені орындау үшін қаражатты басқа мақсатқа жұмсау талап етілетін ықтималдығы болған жағдайда қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Егер мұндай міндеттеменің сомасы елеулі болса, онда резервтер ақшаның уақыттық құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін және қолданымды болғанда осы міндеттемеге тән тәуекелдерді салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдаланып, ақша қаражатының болжамды болашақ ағындарын дисконттау жолымен айқындалады.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(м) Акционерлік капитал**

***(i) Жай акциялар***

Жай акциялар меншікті капитал ретінде жіктеледі. Жай акциялар мен акцияларға опциондар шығаруға тікелей байланысты жұмсалымдар кез келген салықтық әсерлерді шегере отырып, меншікті капиталдың азаюы ретінде танылады.

***(ii) Меншікті акцияларды сатып алу***

Компания меншікті акцияларды сатып алған жағдайда, осы сатып алуға тікелей байланысты жұмсалымдарды қоса алғанда, төленген сома қаржылық есептілікте меншікті капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі.

***(iii) Дивидендтер***

Компанияның дивидендтерді жариялау және төлеу мүмкіндігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттелуге жатады.

Жай акциялар бойынша дивидендтер қаржылық есептілікте олардың жариялануына қарай бөлінбеген пайданы пайдалану ретінде көрсетіледі.

**(н) Салық салу**

Табыс салығының сомасы ағымдағы салық сомасын және кейінге қалдырылған салық сомасын қамтиды. Табыс салығы өзге де жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін операцияларға жататын немесе тиісінше өзге де жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей капитал құрамында көрсетілетін тікелей капитал шоттарында көрсетілетін, меншік иелерімен жасалатын операцияларға жататын сомаларды қоспағанда, пайда немесе шығын құрамында толық көлемде көрсетіледі.

***Ағымдағы салық***

Ағымдағы табыс салығы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыста болған табыс салығы бойынша мөлшерлемелерді, сондай-ақ өткен есепті жылдардағы табыс салығы сомасын нақтылау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомасын ескере отырып, бір жылдағы салық салынатын пайданың болжамды мөлшері негізге алынып есептеледі. Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттеме есебіне сонымен қатар дивидендтерге байланысты туындаған салық міндеттемесінің шамасы енгізіледі.

***Кейінге қалдырылған салық***

Кейінге қалдырылған салық оларды қаржылық есептілікте көрсету мақсаттары үшін айқындалатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен олардың салық базасы арасында туындайтын уақыттық айырмаларға қатысты танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері пайдаланылмаған салық шығындарына, пайдаланылмаған салық кредиттеріне және шегерілетін уақыттық айырмаларға қатысты олар есебінен іске асырылуы мүмкін болашақ салық салынатын пайданы алу мүмкін шамада ғана танылады. Болашақ салық салынатын пайданың шамасы қалпына келтіруге тиісті салық салынатын уақыттық айырмалардың шамасының негізінде айқындалады. Кейінге қалдырылған салық активтерінің шамасы әрбір есепті күнгі жағдай бойынша талданады және тиісті салық пайдасын жүзеге асыру одан әрі ықтимал болып табылмайтын шамада азаяды. Мұндай есептен шығару болашақ салық салынатын пайданың болуы ықтималдығы артқан жағдайда қалпына келтіруге жатады.

Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта бағаланады және болашақ салық салынатын пайда осы кейінге қалдырылған салық активін өтеуге мүмкіндік беретін шамада танылады.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(н) Салық салу, жалғасы**

Кейінге қалдырылған салықтың шамасы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе қолданысқа енгізілген заңдарды негізге ала отырып, уақыттық айырмаларды қалпына келтіру сәтінде болашақта қолданылатын салық мөлшерлемелеріне сүйене отырып айқындалады. Кейінге қалдырылған салықты бағалау Компания есепті кезеңнің соңында активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеуді немесе өтеуді жоспарлайтын тәсілге байланысты салықтық салдарды көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, егер ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуды жүргізу заңды түрде бекітілген құқығы болған жағдайда есептеледі және бұл активтер мен міндеттемелер сол бір салық органы салық салатын кәсіпорыннан не әртүрлі салық салынатын кәсіпорындардан өндіріп алатын пайдаға салынатын салықтарға жатады, бірақ бұл кәсіпорындар ағымдағы салық міндеттемелері мен активтерін нетто- негізде реттеуге ниетті немесе осы кәсіпорындардың салық активтерін өткізу олардың салық міндеттемелерін бір мезгілде өтеумен жүзеге асырылатын болады.

**(о) Салыстырмалы деректерді ұсыну**

ХҚЕС 9 (IFRS) ауысу нәтижесінде Компания қаржылық есептіліктің негізгі есептерінде белгілі бір баптарды ұсыну тәртібін өзгертті. Салыстырмалы деректерді ұсыну ағымдағы кезеңде ақпаратты ұсыну тәртібіне сәйкес тиісінше өзгертілген.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте ақпаратты ұсыну тәртібіне негізгі өзгерістердің әсері:

• Пайыздық кірістерді ұсыну тәртібі пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын туынды емес қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер «Өзге пайыздық кірістер» бабының құрамында жеке берілгендей етіп өзгертілді.

Жоғарыда көрсетілген өзгерістердің пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте жалпылама ақпарат беру тәртібіне әсері төмендегі кестеде берілген:

| мың теңге | Бұрын ұсынылған деректер | Қайта жіктеудің әсері | Қайта жіктеуден кейін |
|---|---|---|---|
| | 2,956,716 | (2,956,716) | |
| Таза қаржылық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып есептелген пайыздық кірістер | - | 2,856,172 | 2,856,172 |
| Өзге пайыздық кірістер | - | 133,914 | 133,914 |
| Пайыздық шығыстар | - | (33,370) | (33,370) |

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(п) Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

Бірқатар жаңа стандарттар мен оларға жасалған түзетулер оларды мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2019 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді.

**ХҚЕС 16 (IFRS)**

ХҚЕС 16 (IFRS) жалға алушылардың жалдау шарттарын есепке алудың жалға алушының балансында көрсетілуін көздейтін бірыңғай моделін енгізеді. Осы модельге сәйкес жалға алушы базалық активті пайдалану құқығы нысанындағы активті және жалдау төлемдерін жүзеге асыру міндетін білдіретін жалдау бойынша міндеттемені таниды. Қысқа мерзімді жалдауға және құны төмен объектілерді жалдауға қатысты тану қажеттілігінен босату шаралары көзделген. Жалға берушілер үшін есепке алу ережесі жалпы алғанда қолданыстағы стандартқа ұқсас - олар қаржылық және операциялық жалдауға жіктеуді жалғастырады.

ХҚЕС 16 (EFRS) жалдауға қатысты қолданыстағы басшылықты, оның ішінде ХҚЕС 17 (IAS) «Жалдау», ХҚЕС 4 (IFRIC) ПКР түсіндірмесі «Келісімде жалдау белгілерінің болуын анықтау», ПКР 15 (SIC) түсіндірмесі «Операциялық жалдау- ынталандырулар» және ПКР 27 (SIC) түсіндірмесі «Жалдаудың заңды нысаны бар операциялардың мәнін анықтау» ауыстырады.

***(i) Компания жалға алушы болып табылатын жалдау шарттары***

Компания өзінің қаржылық есептілігіне әсер ету мүмкіндігін бастапқы бағалауды аяқтады, бірақ толық бағалауды әлі аяқтамады. ХҚЕС 16 (IFRS) қолданудың халықаралық қаржылық есептілікті бастапқы қолдану кезеңінде іс жүзіндегі ықпалы болашақ экономикалық талаптарға, Компанияның жалдау шарттының портфель құрамына, сондай-ақ Компанияның жалдау мерзімін ұзарту құқығын өткізу ниетін, және Компания басқа қандай-бірі стандартта қолжетімді практикалық сипаттағы жеңілдетулерді және тану қажеттілігінен босау тәсілін пайдалануды бағалауға байланысты болады.

Компания кеңселік ғимаратты операциялық жалға алу шарттары бойынша жаңа активтер мен міндеттемелерді таниды. Сонымен қатар, осы шарттарға қатысты танылатын шығыстардың сипаты өзгереді, өйткені ХҚЕС 16 (EFRS) сәйкес шарттың қолданылу мерзімі ішінде біркелкі танылған жалдау бойынша шығыстардың орнына, Компания жалдау бойынша міндеттемелерге жататын пайыздық шығыстарды және пайдалану нысанындағы активтер амортизациясы бойынша шығыстарды көрсетуге тиіс болады.

Бұрын Компания жалдаудың барлық қолданылу мерзімі ішінде операциялық жалдау бойынша шығыстарды біркелкі негізде таныды және активтер мен міндеттемелерді жалдау бойынша нақты төлемдер мен танылған шығыстар арасындағы мерзімдердің айырмашылығы болған шамада ғана таныды.

Қаржылық жалдау шарттарына қатысты Компания қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін күтпейді.

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(п) Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар, жалғасы, ХҚЕС 16**

**(IFRS) жалғасы**

***(ii) Жаңа стандартқа ауысу***

Компания ХҚЕС 16 (IFRS) қолдануды 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап түрлендірілген ретроспективті тәсілді пайдаланып бастауды жоспарлап отыр. Демек, ХҚЕС 16 (IFRS) ауысудың жиынтық әсері салыстырмалы ақпаратты қайта есептемей 2019 жылғы 1 қаңтарға келетін бөлінбеген пайданың кіріс сальдосын түзету ретінде танылатын болады.

Жаңа стандартқа ауысқан кезде Компания қолданыстағы шарттардың қайсысы жалдау шарттары болып табылатындығына немесе жалдау қатынастарын қамтитындығына қатысты бұрынғы бағалауды күшінде қалдыруға мүмкіндік беретін практикалық сипаттағы жеңілдетулерді қолдануды жоспарлайды. Бұл деген Компанияның ХҚЕС 16 (EFRS) стандартын 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және ХҚЕС 17 (IAS) және ХҚЕС 4 (IFRIC) сәйкес жалдау шарттары ретінде сәйкестендірілген барлық шарттарға қолданатынын білдіреді.

**ХҚЕС 17 (IFRS) «Сақтандыру шарттары»**

ХҚЕС 17 (IFRS) қолдану аясы ХҚЕС 4 (IFRS) «Сақтандыру шарттарына» ұқсас. Бастапқы тану кезінде сақтандыру шарттары тобының міндеттемесі мынадай компоненттерден тұрады:

- Сақтанушылардың құқықтары мен міндеттемелерінің келтірілген құны тәуекелін ескере отырып түзетілген, міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындары, бұл құнға кіретіні:
    - болашақ ақша ағындарын бағалау;
    - дисконттау; және
    - қаржылық емес тәуекелді ескере отырып, тәуекелді түзету.
- Шарт бойынша қызметтер маржасы (CSM), ол сақтандыру кезеңі ішінде қызметтердің көрсетілуіне қарай Компания танитын еңбек сіңірілмеген пайданы білдіреді.

Бастапқы тану кезінде таза жылыстауды білдіретін міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындары тікелей шығын ретінде танылады.

Бастапқы танудан кейін сақтандыру шарттары тобының міндеттемесі қалған сақтандыру өтемі бойынша міндеттемені (міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындарын және CSM), сондай-ақ есептелген сақтандыру талаптамалары бойынша міндеттемені (сақтандыру талаптамаларына қатысты міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындарын және жұмсалған, бірақ әлі төленбеген шығыстарды) қамтиды.

Міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындарын қайта бағалау ағымдағы бағалауды көрсету мақсатында әрбір есепті күнге жүргізіледі. Жалпы алғанда, міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағынындағы өзгерістер әртүрлі тәсілдермен ескеріледі:

- ақшаның уақыттық құнының және қаржылық тәуекелдің ықпалының өзгеруі қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі;
- өткен және ағымдағы қызметтерге қатысты өзгерістер пайда немесе шығын құрамында танылады, және
- болашақ қызметтерге қатысты өзгерістер CSM-ді түзетеді.

Белгілі бір критерийлерді орындау кезінде жеңілдетілген тәсіл - сақтандыру сыйлықақысын бөлу тәсілі пайдаланылуы мүмкін.

## 3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

**(п) Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар, жалғасы**

**ХҚЕС 17 (IFRS) «Сақтандыру шарттары», жалғасы**

Сақтандыру шарттары бойынша кіріс Компания сыйақы алуды күтетін қызметтерге жататын әрбір есепті кезеңге қалған сақтандыру өтеміне қатысты міндеттеменің өзгеруі нәтижесінде алынады.

Инвестициялық компоненттер сақтандыру шарттары бойынша кірістерден және сақтандыру қызметтері бойынша шығыстардан алынып тасталады. Сақтандыру жөніндегі қызметтердің нәтижелері қаржылық кірістерден немесе сақтандыру жөніндегі шығыстардан бөлек көрсетіледі. Компания пайда немесе шығын және өзге де жиынтық табыс арасындағы сақтандыру бойынша қаржылық кірістер мен шығыстардың бөлінуін таңдай алады.

ХҚЕС 17 (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді.

Егер ХҚЕС 9 (IFRS) «Қаржы құралдары» және ХҚЕС 15 (IFRS) «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» қабылданған күнге немесе бұрын қолданылған болса, мерзімінен бұрын қабылдауға рұқсат етіледі.

Толық ретроспективті қолдану талап етіледі - алайда, егер ол орынды болмаса, түрлендірілген ретроспективті тәсіл мен әділ құн негізіндегі тәсіл бар.

Компания ХҚЕС 17 (IFRS) қолданумен байланысты оның қаржылық есептілігіне әлеуетті әсерді формалды бағалауға кіріспеген және ХҚЕС 17 (IFRS) енгізу процесіне дайындауға бағытталған қандай да бір нақты іс-қимыл жасамаған. Сәйкесінше, ХҚЕС 17 (IFRS) Компанияның қаржылық есептілігіне қолданылатын әсерін практикалық тұрғыдан бағалау мүмкін емес.

**Басқа өзгерістер**

Келесі стандарттар, оларға жасалған түзетулер және түсіндірмелер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- *ХҚЕТК (IFRIC) 23 түсіндірмесі «Табыс салығын есептеу ережелеріне қатысты белгісіздік»;*
- *Қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар (ХҚЕС 28 (IAS) түзетулер);*
- *Жоспарға түзетулер, жоспарды қысқарту немесе міндеттемелерді реттеу (ХҚЕС 19 (IAS) түзетулер);*
- *ХҚЕС жыл сайынғы жетілдіру: 2015-2017 жж.кезең - түрлі стандарттар;*
- *ХҚЕС стандарттарындағы қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне сілтемелерге түзетулер.*

## 4 Қаржылық тәуекелдерді талдау

Осы ескертпеде Компанияның қаржылық тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы ақпарат берілген. Компания қолданатын қаржылық тәуекелдерді басқару саясаты туралы ақпарат 18-ескертпеде берілген.

**Кредиттік тәуекел - күтілетін кредиттік шығындар сомасы**

*Кредиттік тәуекелдің едәуір жоғарылауы*

Қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің алғашқы танылған сәтінен бастап едәуір жоғарылауы орын алған-болмағанын бағалау кезінде Компания орынды және шамадан тыс шығынсыз немесе күш-жігерсіз қолжетімді негізделген және расталған ақпаратты қарайды. Бағалау сандық және сапалық ақпаратты, сондай-ақ Компанияның тарихи тәжірибесіне, кредиттік сапа мен болжамды ақпаратты сараптамалық бағалауға негізделген талдауды қамтиды.

## 4 Қаржылық тәуекелдерді талдау, жалғасы

**Кредиттік тәуекел - күтілетін кредиттік шығындар сомасы, жалғасы**

*Кредиттік тәуекелдің едәуір жоғарылауы, жалғасы*

Бағалау мақсаты салыстыру арқылы кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім позицияға қатысты кредиттік тәуекелдің едәуір жоғарылауы орын алған-болмағанын анықтау болып табылады:

- есепті күнгі жағдай бойынша бүкіл мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығы; және
- кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім позицияны бастапқы тану кезінде осы уақыт сәтіне қатысты есептелген бүкіл мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығы (егер орынды болса, мерзімінен бұрын өтеуге қатысты күтулердің өзгеруін ескере отырып түзетілген).

*Кредиттік тәуекел градациясының (рейтингтерінің) деңгейлері*

Компания дефолт тәуекелін болжау үшін пайдаланылатын Standard&Poor 's, Fitch Ratings, Moody's Investors Services агенттіктерінің сыртқы рейтингі негізінде кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім әрбір позицияға тиісті рейтинг тағайындайды.

Сыртқы рейтинг болмаған жағдайда контрагент рейтингісін дербес бағалау мақсатында әзірленген сауалнаманы толтыру арқылы алынған шамаға сәйкес контрагентке рейтинг мәні беріледі.

Кредиттік тәуекел рейтингтері дефолттың басталу тәуекелі кредиттік тәуекелдің нашарлауына қарай экспонент бойынша өсумен анықталады және калибрленеді. Компания кредиттік тәуекелдің сатылары бойынша бөлуді қолданады. Бастапқы тану кезінде барлық қаржы активтері (кредиттік-құнсызданған қаржы активтерін қоспағанда) 1-сатыға бөлінеді. Құралдың дефолт тәуекелі төмен болып қалғанға дейін немесе бастапқы тану сәтінен бастап едәуір ұлғаймайынша, актив 1-сатыда қалады. Дефолт тәуекелінің елеулі өзгеруінен кейін актив 1-сатыдан 2 немесе 3-сатыға ауыстырылады. Мониторинг әдетте келесі деректерді талдауды қарастырады.

**Кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім позициялар (банктердегі депозиттер, инвестициялық бағалы қағаздар)**

- Контрагенттер туралы ақпаратты мерзімді негізде талдау нәтижесінде алынған ақпарат - мысалы, аудиттелген қаржылық есептілік.
- Кредиттік рейтингтік агенттіктердің деректері, баспасөз жарияланымдары, сыртқы кредиттік рейтингтердің өзгерістері туралы ақпарат.
- Қарыз алушының қызметін немесе оның шаруашылық қызметін жүзеге асырудың саяси, нормативтік және технологиялық ортасында нақты және күтілетін елеулі өзгерістер.
- Мерзімі өткен берешектің мәртебесі туралы ақпаратты қоса алғанда, төлемдер туралы ақпарат.
- Қаржылық, экономикалық жағдайлар мен қызметті жүзеге асыру жағдайларының ағымдағы және болжамды өзгерістері.

*Дефолт ықтималдығының уақыттық құрылымын құру*

Кредиттік тәуекел рейтингтері кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім позициялар үшін дефолт ықтималдығының уақыттық құрылымын құру кезінде негізгі бастапқы деректер болып табылады. Компания берешекке қызмет көрсету сапасы және дефолт деңгейі туралы мәліметтерді заңды құзыретіне немесе аймаққа, өнім түріне және қарыз алушыға қарай, сондай-ақ кредиттік тәуекел рейтингіне байланысты талданатын кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім позицияларға қатысты жинайды. Компания болжамды ақпаратты бағалау кезінде сараптамалық пайымдауды пайдаланады. Бұл бағалау оның ішінде сыртқы көздерден алынған ақпаратқа негізделеді (болжамды ақпаратты енгізу туралы төмендегі ақпаратты қар.). Компания дефолт ықтималдығын бағалауды түзету үшін осы болжамдарды пайдаланады.

# 4 Қаржылық тәуекелдерді талдау, жалғасы

**Кредиттік тәуекел - күтілетін кредиттік шығындар сомасы, жалғасы**

*Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы орын алғанын анықтау*

Кредиттік тәуекелдің едәуір жоғарылауын анықтауға арналған критерийлер портфельге байланысты түрліше болып келеді және дефолт ықтималдығы көрсеткіші мәндерінің сандық өзгерістерін, сондай-ақ сапалық факторларды, оның ішінде мерзімін өткізіп алу мерзімі бойынша «шектеуіш» белгісін қамтиды.

Компания кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім нақты позиция бойынша кредиттік тәуекел, егер бастапқы тану сәтінен бастап ішкі/сыртқы рейтингтің екі (немесе одан да көп) позицияға төмендеу орын алған болса, оны бастапқы тану сәтінен бастап едәуір жоғарылады деп есептейді.

Кредиттік тәуекелдің едәуір жоғарылауы тұрғысынан бағалау кезінде қалған бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар өтеу мерзімінің өзгеруі ескеріліп түзетіледі.

Компания жүйелі негізде тексеру жүргізу арқылы кредиттік тәуекелдің едәуір жоғарылауын анықтау қабілеті тұрғысынан критерийлерді тексеруді жүзеге асырады, мынаған көз жеткізу үшін:

- критерийлер кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім позицияға қатысты дефолт оқиғасы туындағанға дейін кредиттік тәуекелдің едәуір жоғарылауын анықтауға мүмкіндік береді;
- критерийлер актив бойынша берешек 30 күннен астам мерзімнің өтуі басталған кезден салыстырымға келмейді;
- кредиттік тәуекелдің едәуір жоғарылауын анықтау мен дефолт оқиғасының басталуы арасындағы орташа уақыт кезеңі ақылға қонымды болып табылады;
- кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім позициялар тікелей, ол бойынша бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар (1-кезең) сомасында танылатын портфель құрамынан кредиттік-құнсызданған активтер портфелінің құрамына (3-кезең) аударылмайды;
- кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім позицияларды бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар сомасында (1-кезең) танылатын портфель құрамынан ол бойынша бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар сомасында (2-кезең) танылатын портфельдің құрамына ауыстыру кезінде бағалау резерві шамасының негізсіз құбылмалылығы болмайды.

Қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің алғашқы танылған сәтінен бастап едәуір жоғарылағанын куәландыратын «шектеуіш» белгісі ретінде Компания осы актив бойынша 30 күннен астам мерзімнің өтуін есептейді. Мерзімі өткен берешек күндерінің саны толық сомада төлем алынбаған күннен бастап күндердің санын есептеу арқылы анықталады.

*«Дефолт» ұғымының анықтамасы*

Компания қаржы активін мынадай жағдайларда дефолт оқиғасы туындаған қаржы активтеріне жатқызады:

- контрагенттің Компания алдындағы кредиттік міндеттемелері Компанияның кепілдік қамтамасыз етуді іске асыру (ол болған жағдайда) сияқты шараларды қолданбай толық көлемде өтелетіні екіталай; немесе
- контрагенттің Компания алдындағы берешегі 90 күннен астам мерзімі өткен

Қарыз алушының міндеттемелері бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалау кезінде Компания сандық факторларды, мысалы, мерзімі өткен берешектің мәртебесін және бір эмитенттің Компания алдындағы басқа міндеттемелер бойынша төлемеуі; сондай-ақ ішкі және сыртқы көздерден алынған өзге де ақпаратты ескереді.

Қаржы құралы бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалау кезіндегі бастапқы деректер және олардың маңыздылығы мән-жайлардағы өзгерістерді көрсету үшін уақыт өте келе өзгеруі мүмкін.

# 4 Қаржылық тәуекелдерді талдау, жалғасы

**Кредиттік тәуекел - күтілетін кредиттік шығындар сомасы, жалғасы**

*Болжамды ақпаратты қосу*

Компания болжамды ақпаратты қаржы құралын бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір жоғарылауы тұрғысынан бағалауға және күтілетін кредиттік шығындарды бағалауға да қосады. Компания болжамды ақпаратты бағалау үшін сараптамалық пайымдауды пайдаланады. Бұл бағалау сыртқы көздерден алынған ақпаратқа негізделген. Ұқсас контекстіде талданатын типтік макроэкономикалық айнымалылар ЖІӨ өсуін, айырбастау бағамын, мұнай бағасын, мұнай өндіру көлемін, жеке берешек коэффициентін, жұмыссыздық деңгейін, жеке сектор тарапынан сұранысты және т. б. қамтиды.

Компания сондай-ақ осы репрезентативті сценарийлерді анықтау тәсіміне түзетулер енгізу үшін «шок» сценарийлеріне оқтын-оқтын стресс-тестілеу өткізеді.

Компания қаржы құралдарының әрбір портфелі бойынша кредиттік тәуекел мен кредиттік шығындарды бағалауға әсер ететін негізгі факторлардың тізбесін анықтап, құжатпен ресімдеді және тарихи деректерді талдауды пайдаланып, макроэкономикалық айнымалылар, кредиттік тәуекел мен кредиттік шығындар арасындағы өзара байланысты бағалады. Негізгі фактор ретінде ЖІӨ өсуінің және берешек деңгейінің болжамдары анықталды.

Негізгі көрсеткіш пен дефолт шамаларының және қаржы активтерінің түрлі портфельдері бойынша шығындар деңгейлерінің болжамды арақатынасы сыртқы провайдерден алынған деректерге негізделді.

*Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау*

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау кезіндегі негізгі бастапқы деректер мынадай ауыспалылардың уақыттық құрылымы болып табылады:

- дефолт ықтималдығы (PD көрсеткіші);
- дефолт жағдайында шығынның шамасы (LGD көрсеткіші);
- дефолт жағдайында тәуекелдің сомасы (EAD шамасы).

Бұл көрсеткіштерді, әдетте, Standards&Poor's және Moody's зерттеулерінің деректері негізінде алады. Оларды жоғарыда сипатталғандай болжамды ақпаратты ескере отырып түзету қажет.

PD коэффициенттерін құру үшін тарихи мәліметтердің жеткілікті деңгейде болмауына байланысты ұзақ уақыт кезеңінде Standards&Poor's зерттеулерінің сыртқы деректері пайдаланылады (мысалы, 1981 және 2017 жж. аралығындағы уақыт кезеңінде орташаланған PD тарихи мәндері) PD коэффициенттері жаңартылған зерттеулердің жариялануына қарай қайта есептеуге жатады (әдетте, жыл сайын).

Егер контрагенттің кредиттік сапа рейтингі немесе кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім позиция өзгерсе, онда бұл тиісті PD көрсеткіштерін бағалауда өзгерістерге алып келеді. PD көрсеткіштері кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім позицияларды өтеудің шарттық мерзімдерін және мерзімінен бұрын өтеуге қатысты күтулерді ескере отырып бағаланады.

Компания контрагенттің түріне байланысты LGD бағалауды жүргізеді.
3-сатылы позициялар немесе кредиттік-құнсызданған активтер үшін LGD қолданылмайды және бұл құралдар бойынша Компания жеке бағалау жүргізеді.

1 және 2-сатылы қаржы активтеріне қатысты LGD мынадай 3 санаттары қаралады:

- егер контрагент үкімет болса, LGD коэффициенті 0% -ға жуық;
- егер контрагент қазақстандық банк болса, LGD коэффициенті 70% -ды құрайды; және,

# 4 Қаржылық тәуекелдерді талдау, жалғасы

**Кредиттік тәуекел - күтілетін кредиттік шығындар сомасы, жалғасы**

*Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау, жалғасы*

- басқа контрагенттерге қатысты LGD коэффициенті контрагенттің сыртқы рейтингінің деңгейіне сәйкес өтеу мөлшерлемелері туралы Moody's зерттеулері негізінде есептеледі. LGD коэффициенттері жаңартылған зерттеулердің жариялануына қарай қайта есептеуге жатады (әдетте жыл сайын).

Дефолт жағдайында тәуекелдің сомасы дефолт басталған күні кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім шаманың есептік бағасын білдіреді. Осы көрсеткішті Компания амортизацияны қоса алғанда, шарттың талаптарына сәйкес осы шамадағы күтілетін өзгерістерді ескере отырып, есепті күнгі ағымдағы шамаға сүйене отырып есептейді. Қаржы активі үшін EAD шамасы жалпы баланстық құны болып табылады. Бағалы қағаздар бойынша EAD сатып алу құнын, ағымдағы есептелген сыйақы мен дисконт/сыйлықақыны қамтитын, теңгедегі позицияның баланстық сомасы негізінде есептеледі.

Сыртқы көздерден салыстырмалы ақпарат күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін бастапқы ретінде пайдаланылған портфельдердің мысалдары төменде берілген.

| | | Сыртқы көздерден салыстырмалы ақпарат | |
|---|---|---|---|
| **мың теңге** | **2018 жылғы 31 желтоқсанға кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім позиция** | **PD көрсеткіші** | **LGD көрсеткіші** |
| Банктердегі депозиттер | 11,855,000 | S&P дефолттар статистикасы | Moody's өтеу статистикасы/ Қазақстан ішіндегі LGD позициялары үшін дефолтты қаржы институттарынан тарихи өтеулерге негізделеді |
| Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 7,435,977 | | |

## Қаржылық тәуекелдерді талдау, жалғасы

### Кредиттік сапаны талдау

Келесі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің, әділ құны бойынша өзге де жиынтық кіріс арқылы бағаланатын борыштық құралдардың кредиттік сапасы туралы ақпарат және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сату үшін қолда бар борыштық активтердің кредиттік сапасы туралы ақпарат берілген. Егер өзгесі көрсетілмесе, қаржы активтері бойынша сома кестеде жалпы баланстық құнның шамасын көрсетеді.

| мың теңге | 2018 жылғы 31 желтоқсан | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-кезең 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар | 2-кезең Кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар | 3-кезең Кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар | Барлығы | 2017 жылғы 31 желтоқсан |
| ***Банктердегі шоттар және депозиттер –*** | | | | | |
| - BBB-дан BBB+ дейінгі кредиттік рейтингі бар | 2,002 | | | 2,002 | |
| - BB-дан BB+ дейінгі кредиттік рейтингі бар | 9,969,137 | - | - | 9,969,137 | 1,531,756 |
| - B-дан B+ дейінгі кредиттік рейтингі бар | 617,145 | - | 1,266,716 | 1,883,861 | 6,905,189 |
| | **10,588,284** | - | **1,266,716** | **11,855,000** | **8,436,945** |
| **Шығындар бойынша бағалау резерві** | **(55,466)** | - | **(700,175)** | **(755,641)** | **(62,417)** |
| **Банктердегі шоттар мен депозиттер** | **10,532,818** | - | **566,541** | **11,099,359** | **8,374,528** |
| ***Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар*** | | | | | |
| - «AA+ дан AA-» дейінгі кредиттік рейтингі бар | 259,876 | | | 259,876 | 247,610 |
| - BBB-дан BBB+ дейінгі кредиттік рейтингі бар | 7,176,101 | - | - | 7,176,101 | 5,976,867 |
| - BB-дан BB+ дейінгі кредиттік рейтингі бар | - | - | - | - | 869,935 |
| **Құнсыздану бойынша бағалау резерві** | - | - | - | - | - |
| **Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар, жиыны** | **7,435,977** | | | **7,435,977** | **7,094,412** |
| **Қаржы активтері, жиыны** | **18,024,261** | - | **1,266,716** | **19,290,977** | **15,531,357** |
| **Шығындар бойынша бағалау резерві,** | **(55,466)** | - | **(700,175)** | **(755,641)** | **(62,417)** |
| **Баланстық құн, жиыны** | **17,968,795** | - | **566,541** | **18,535,336** | **15,468,940** |

## 5 ХҚЕС 9 (IFRS) ауысу

**Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін ХҚЕС 9 (IFRS) бастапқы қолдану күніне жіктеу**

Келесі кестеде ХҚЕС 39 (IAS) сәйкес бастапқы бағалау санаттары және 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Компанияның қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері үшін ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес жаңа бағалау санаттары көрсетілген.

| мың теңге | Ескертпе | ХҚЕС 39 (IAS) сәйкес бастапқы жіктеу | ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес жаңа жіктеу | ХҚЕС 39 (IAS) сәйкес бастапқы баланстық құны | Бағалау негіздерін өзгерту | ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес жаңа баланстық құны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қаржы активтері** | | | | | | |
| Мемлекеттік борыштық бағалы қағаздар | 14 | Сату үшін қолда бары | Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн - борыштық құрал | 6,224,477 | | 6,224,477 |
| Корпоративтік борыштық бағалы қағаздар | 14 | Сату үшін қолда бары | Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн - борыштық құрал | 869,935 | | 869,935 |
| Корпоративтік борыштық бағалы қағаздар | 14 | Сату үшін қолда бары | Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша міндетті түрде | 1,482,137 | | 1,482,137 |
| Банктердегі депозиттер | 13 | Қарыздар және дебиторлық берешек | Амортизацияланған құны | 8,436,945 | (62,417) | 8,374,528 |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 12 | Қарыздар және дебиторлық берешек | Амортизацияланған құны | 27,045,334 | | 27,045,334 |
| Өзге қаржы активтері | | Қарыздар және дебиторлық берешек | Амортизацияланған құны | 638 | - | 638 |
| **Барлық қаржы активтері** | | | | **44,059,466** | **(62,417)** | **43,997,049** |
| **Қаржы міндеттемелері** | | | | | | |
| Алынған қарыздар | | Амортизацияланған құны бойынша | Амортизацияланған құны бойынша | 276,573 | - | 276,573 |
| **Барлық қаржы міндеттемелері** | | | | **276,573** | **-** | **276,573** |

ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес қаржы құралдарын жіктеуге қатысты Компанияның есеп саясаты 3(б)(і) ескертпеде келтірілген. Көрсетілген саясатты қолдануға негізделген қаржы құралдарын жіктеудегі өзгерістер жоғарыда кестеде берілген және бұдан әрі түсіндіріледі.

## 5 ХҚЕС 9 (IFRS) ауысу, жалғасы

**Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін ХҚЕС 9 (IFRS) бастапқы қолдану күніне жіктеу, жалғасы**

Келесі кестеде ХҚЕС 9 (IFRS) ауысудан меншікті капитал резервтеріне және бөлінбеген пайдаға әсері туралы деректер келтірілген. Бұл әсер әділ құнның және бөлінбеген пайданың өзгеру резервіне жатады. Меншікті капиталдың басқа компоненттеріне әсері жоқ.

| мың теңге | ХҚЕС 9 (IFRS) ауысудан 2018 жылғы 1 қаңтар жағдайы бойынша әсер |
|---|---|
| **Әділ құн өзгерістерінің резерві - өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар (2017 жылғы 31 желтоқсан - әділ құн өзгерістерінің резерві - сату үшін қолда бар)** | |
| ХҚЕС 39 (IAS) сәйкес шығыс қалдық (2017 жылғы 31 желтоқсан) | (1,849,217) |
| Борыштық инвестициялық бағалы қағаздарды «Сату үшін қолда бар» санатынан пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына қайта жіктеу | 343,791 |
| Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздар бойынша ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес күтілетін кредиттік шығындарды тану | - |
| **ХҚЕС 9(IFRS) сәйкес кіріс қалдық (2018 жылғы 1 қаңтар)** | **(1,505,426)** |
| **Бөлінбеген пайда** | |
| ХҚЕС 39 (IAS) сәйкес кіріс қалдық (2017 жылғы 31 желтоқсан) | 6,142,446 |
| Борыштық инвестициялық бағалы қағаздарды «Сату үшін қолда бар» санатынан пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына қайта жіктеу | (343,791) |
| ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес күтілетін кредиттік шығындарды тану) | (62,417) |
| **ХҚЕС 9(IFRS) сәйкес кіріс қалдық (2018 жылғы 1 қаңтар)** | **5,736,238** |

Келесі кестеде:

- 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ХҚЕС 39 (IAS) сәйкес қаржы активтерінің құнсыздануы бойынша резервтің шығыс шамасын;
- 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің кіріс шамасын салыстыру нәтижелері берілген.

## 5 ХҚЕС 9 (IFRS) ауысу, жалғасы

**Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін ХҚЕС 9 (IFRS) бастапқы қолдану күніне жіктеу, жалғасы**

Қаржы активтеріне қатысты осы кестеде ХҚЕС 39 (IAS) және ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес қаржы активтерінің тиісті бағалау санаттары бойынша ақпарат берілген және ХҚЕС 9 (IFRS) бастапқы қолдану күніне, яғни 2018 жылғы 1 қаңтарға шығындар бойынша бағалау резервінің шамасына бағалау санатындағы өзгерістердің әсері жеке көрсетілген.

| | Құнсыздану (шығындар) бойынша бағалау резерві және басқа резервтер | | | |
|---|---|---|---|---|
| **мың теңге** | **2017 жылғы 31 желтоқсан (ХҚЕС 39 (IAS) /ХҚЕС 37 (IAS))** | **Қайта жіктеу** | **Бағалау негіздерін өзгерту** | **2018 жылғы 1 қаңтар (ХҚЕС 9 (IFRS))** |
| Банктердегі депозиттер | - | - | (62,417) | (62,417) |
| **Амортизацияланған құны бойынша бағаланатыны, барлығы** | | | (62,417) | (62,417) |
| ХҚЕС 39 (IAS) сәйкес сату үшін қолда бар борыштық инвестициялық бағалы қағаздар/ХҚЕС 9 (IFRS) сәйкес өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздар | | | | |
| **Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатыны, барлығы** | | | | |

## 6 Сақтандыру тәуекелдерін басқару

Компания сақтандыру тәуекелін аудару бойынша шарттар жасайды. Осы бөлімде көрсетілген тәуекелдер және Компанияның тәуекелдерді басқару тәсілі туралы жалпылама ақпарат берілген

**(а) Тәуекелді басқару мақсаттары және сақтандыру тәуекелін азайту саясаты**

Компанияның сақтандыру тәуекелін басқару қызметтің аса маңызды аспектісі болып табылады.

Компания жүзеге асыратын сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі қызмет тәуекелге тікелей ұшырауы мүмкін тұлғалар немесе ұйымдар тарапынан шығын тәуекелін қабылдауды көздейді. Мұндай тәуекелдер меншікке, міндеттемелерге, жазатайым жағдайларға, жүк тасымалдарына, денсаулыққа, қаржылық немесе сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде туындауы мүмкін басқа да тәуекелдерге жатады. Осылайша, Компания шарт бойынша талаптамалардың мерзімі мен күрделілігіне қатысты белгісіздік тәуекеліне ұшырайды.

Компания өзінің сақтандыру тәуекелін сақтандыру сомасын шектеу, жаңа өнімдерді қамтитын немесе белгіленген лимиттерден асатын операцияларды мақұлдау рәсімдері, баға белгілеу жөніндегі нұсқаулықтар, қайта сақтандыруды орталықтандырылған басқару және туындайтын мәселелер мониторингі арқылы басқарады.

Ықтималдылық теориясы сақтандыру шарттары бойынша бағаларды анықтау және резервтерді есептеу үшін қолданылады. Негізгі тәуекел талаптама мерзімділігі мен шамасы күтілгеннен анағұрлым елеулі болуы мүмкін дегенге саяды. Кез келген жыл ішіндегі жағдайлардың сипаты, мерзімділігі және нақты саны мен көлемі бойынша сақтандыру жағдайлары статистикалық әдістерді пайдаланып бағаланған жағдайлардан өзгеше болуы мүмкін.

# 6 Сақтандыру тәуекелдерін басқару, жалғасы

**(а) Тәуекелді басқару мақсаттары және сақтандыру тәуекелін азайту саясаты, жалғасы**

***(i) Сақтандыру қызметі жөніндегі стратегия***

Компанияның сақтандыру қызметі жөніндегі стратегиясы теңгерімді портфельді қамтамасыз ету мақсатында әртараптандыру болып табылады. Бірнеше жыл ішінде стратегия ұқсас тәуекелдердің ірі портфелін қолдауға негізделеді және шын мәнінде түпкі нәтиже мәндерінің таралуын азайтуға септеседі.

Сақтандыру қызметі бойынша стратегия Компания сақтандыруға әзір болатын қызмет жүргізілетін сақтандырылатын аумақты және сақтандыруға жататын қызмет түрлерін айқындайтын бизнес-жоспарда келтірілген.

Сақтандыру өнімдеріне тарифтер мен бағаларды есептеу ағымдағы нарықтық жағдайларды көрсетеді және қаржылық тәуекелдерді елеулі азайтуға бағытталған болашақ нәтижелерді түзету үшін қажетті неғұрлым ықтимал болжамдарды жабады.

Сақтандыру өкілеттіктерін қатаң сақтау басшылық тарапынан тұрақты бақылауға алынады. Компанияның Директорлар кеңесі арнайы рұқсатты талап ететін мәмілелерді қарайды және бекітеді.

***(ii) Қайта сақтандыру стратегиясы***

Компания шығындардың пайда болу тәуекелін басқару және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру тәуекелдерінің бөлігін қайта сақтандырады. Компания оның таза тәуекелін төмендету және төлем қабілеттілігінің нақты шегін асырмау мақсатында факультативтік қайта сақтандыруды және облигаторлық қайта сақтандыруды сатып алады.

Берілген қайта сақтандыру кредиттік тәуекелді қамтиды және осындай қайта сақтандыру бойынша өтелетін сомалар резервтер мен үмітсіз борыштар шегеріле отырып ұсынылады. Компания қайта сақтандырушылардың қаржылық талаптамаларына үнемі мониторинг жүргізеді және қайта сақтандыру туралы шарттарды кезең-кезеңімен қайта қарайды. Компания қайта сақтандырушылардың қаржылық және кредиттік рейтингіне ай сайынғы негізде мониторинг жүргізеді, сондай-ақ қайта сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығына тоқсан сайынғы және жыл сайынғы негізде талдау жүргізіледі.

Компания жекелеген жағдай нәтижесінде туындайтын шығындардың өз тәуекелін бақылау мақсатында шығындарды шектейтін қайта сақтандыру жөніндегі қандай да бір келісімді пайдаланбайды.

**(б) Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарының талаптары және жабылатын тәуекелдердің сипаты**

Төменде сақтандыру шарттарына байланысты туындайтын ақша қаражатының болашақ қозғалысының сомасына, мерзіміне және белгісіздігіне елеулі әсер ететін сақтандыру шарттарының талаптары көрсетілген. Бұдан басқа, төмендегі сипаттама Компанияның негізгі өнімдері және Компания тиісті тәуекелдерді басқаратын тәсілдер туралы түсінік береді.

***(i) Сақтандыру шарттары - Өзге қаржы шығындарынан сақтандыру***

*Өнімнің ерекшеліктері*

Өзге қаржы шығындарынан сақтандыру - шетелдік контрагент-импортердің келісімшартты орындауына қатысты экспорттаушы ұйымның мүліктік мүддесін қорғайды.

# 6 Сақтандыру тәуекелдерін басқару, жалғасы

**(б) Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарының талаптары және жабылатын тәуекелдердің сипаты, жалғасы**

***(і) Сақтандыру шарттары - Өзге қаржы шығындарынан сақтандыру, жалғасы***

*Өнімнің ерекшеліктері, жалғасы* Жабылатын

тәуекелдер:

Саяси сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

- транзит елінің не қазақстандық тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет жеткізілетін межелі елдің мемлекеттік органының іс-әрекеті не шетелдік контрагент елінің экспроприациялау, тәркілеу, тауарға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге меншік құқықтарын шектеу жөніндегі іс-әрекеті, экспорттаушыға меншік құқығында тиесілі орындалған жұмыстың нәтижесі;
- қазақстандық тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет жеткізілетін межелі елдің мемлекеттік органының осы тауарды жеткізуді, жұмысты орындауды, қызмет көрсетуді шектейтін немесе тыйым салатын күтпеген әрекеті;
- сақтандырылған келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі соғыс, азаматтық толқу, жаппай тәртіпсіздік;
**(г) Резервтер бойынша түйінді жорамалдар**

Жорамалдарды анықтау үшін пайдаланылатын процесс неғұрлым ықтималды немесе күтілетін нәтижелердің бейтарап бағауларын алуға арналған. Жорамалдарды қалыптастыру үшін негіз ретінде пайдаланылатыны ішкі ақпарат көздері болып табылады, олар жыл сайын жүргізілетін егжей-тегжейлі зерттеулердің нәтижелерін қамтиды. Жорамалдар олардың байқау жасалатын нарықтық бағаларға және басқа да жарияланған ақпаратқа сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында тексеріледі. Алайда қазақстандық сақтандыру нарығында негізгі қызмет бойынша жорамалдарды және өзгерістерге ұшырағыштықты анықтау үшін өзекті болатын жалпыға қолжетімді ақпараттың жетіспеушілігі байқалады.

Қызметтің сипатына байланысты қандай да бір жеке талаптаманың ықтимал нәтижелерін және мәлімделген талаптамалар бойынша жалпы жұмсалымдарды дәл болжау өте қиын. Әрбір мәлімделген талаптама барлық мән-жайларға, авариялық сарапшылардан алынған ақпаратқа және осындай талаптамалар мөлшері бойынша тарихи деректерге тиісті деңгейде назар аударылып жеке қаралады. Әрбір жағдай бойынша бағалар жаңа деректер пайда болған жағдайда жүйелі түрде қайта қаралады және тиісті түрде жаңартылады. Резервтер қолда бар ағымдағы ақпарат негізінде қалыптастырылады. Алайда түпкі міндеттемелер кейінгі оқиғалардың нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Шығындарды жабуға арналған жұмсалымдардың қорытынды мөлшеріне әсер ететін көптеген факторлардың әсерін бағалау қиын. Резервті есептеудің күрделілігі сақтандырудың базалық шарттарындағы айырмашылыққа, талап қою күрделілігіне, талаптаманың көлемі мен оның жеке ауырлығына, талаптаманың пайда болу күнін және оны нақты мәлімдеу күнін анықтауға байланысты сақтандырудың алуан түрлері үшін де ерекшеленеді.

Болған, бірақ мәлімделмеген талаптамалар бойынша резервтер түрлендірілген «тізбекті сатының» статистикалық әдістерін пайдаланып бағаланады. Мұндай әдістер өткен жылдардағы шығындардың дамуы байқалатын деректерін негізге ала отырып, әрбір жыл бойынша төленген және орын алған талаптамалардың дамуын экстраполяциялайды.

Егер осы әдістерде шығындардың дамуы туралы тарихи ақпарат пайдаланылса, онда олар бұрын орын алған шығындардың даму моделі болашақта қайта қайталанады дегенді болжайды. Мұндай жорамал дұрыс болмауы мүмкін деген себептер бар. Бұл себептер экономикалық, құқықтық, саяси және әлеуметтік үрдістерді қамтиды және бизнес бағыттарының, ірі шығындардың әсерін қоса алғанда, кездейсоқ ауытқулардағы өзгерістермен сабақтасып келеді.

Жалпы сақтандыру шарттары бойынша резервтерді бағалауға ең елеулі әсер ететін жорамалдар шығындардың ең соңғы айы үшін күтілетін шығындардың коэффициенттерін білдіреді. Күтілетін шығындардың коэффициенті күтілетін талаптамалардың еңбекпен табылған сыйақыға қатынасы болып табылады. Жалпы міндеттемені анықтау кезінде ақшалай қаражаттың болашақ ағындарының болжамы жекелеген талаптама сомасына әсер етуі мүмкін параметрлердің есептік мәндерін қамтиды.

Басшылық жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыруды және мүлікті сақтандыруды қоспағанда, Компания жүзеге асыратын сақтандырудың қысқа мерзімді сипатына байланысты Компания портфелінің көрсеткіштері негізінен күтілетін шығындар коэффициенттерінің өзгеруіне сезімтал келеді деп есептейді. Компания өзінің сақтандыру тарифтерін көрсетілген ауыспалы мәндердің соңғы өзгерістері негізінде кез келген пайда болатын үрдістерді ескеру үшін жүйелі түрде түзетеді.

# 17 Меншікті капитал

## (а) Акционерлік капитал

| | Жай акциялар 2018 ж. | Жай акциялар 2017 ж. |
|---|---|---|
| Шығаруға рұқсат етілген (жай акциялар) Шығарылған және айналымдағы (жай акциялар) | 90,080 | 90,080 |
| . | 90,080 | 90,080 |
| Акциялар саны | 87,300 | 87,300 |
| Номиналды құны, мың теңге | 265,75 | 265,75 |
| Акциялар саны | 2,780 | 2,780 |
| Номиналды құны, мың теңге | 5,000 | 5,000 |
| **Шығарылған және толық төленген, мың теңге** | **37,100,000** | **37,100,000** |

## (Б) Капиталды басқару

Компания ҚРҰБ нормативтік актілерімен белгіленетін төлем қабілеттілік маржасына қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік талаптарының объектісі болып табылады.

Компания төлем қабілеттілік маржасының жеткіліктілік нормативін кемінде «1» мөлшерінде ұстауға міндетті. Төлем қабілеттілік маржасы нақты төлем қабілеттілік маржасын ең аз қажетті төлем қабілеттілік маржасына арақатынасымен анықталады. Ең аз қажетті төлем қабілеттілік маржасы еңбекпен табылған таза сыйлықақылар, шетелдік қайта сақтандырушыларға берілген төленген талаптамалар мен сыйлықақылар кіретін бірнеше факторлардың негізінде есептеледі. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания төлем қабілеттілік маржасының коэффициенттерін ұстанды:

| | 2018 ж. мың теңге | 2017 ж. мың теңге |
|---|---|---|
| Нақты төлем қабілеттілік маржасы | 42,101,880 | 40,946,246 |
| Төлем қабілеттілік маржасының ең аз мөлшері | 1,082,250 | 922,977 |
| **Төлем қабілеттілік маржасы** | **38.9** | **44.4** |

## (в) Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания акционерлерінің Компания резервтерін бөлу құқығы Компанияның ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған қаржылық (бухгалтерлік) есептілігінде көрсетілген бөлінбеген пайда шасымен немесе егер таза кірісті бөлу Компанияның төлем қабілетсіздігіне немесе дәрменсіздігіне әкеп соқпаса немесе егер Компанияның меншікті капиталының мөлшері бөлу нәтижесінде теріс болса, жинақталған шығын болған жағдайда ағымдағы жыл үшін таза пайда сомасымен шектеледі. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес бөлуге қолжетімді қаражаттың жалпы көлемі 6,225,669 мың теңгені құрады (2017 жылғы 31 желтоқсан: 6,142,446 мың теңге).

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 639,389 мың теңге немесе бір акцияға 7,324 теңге мөлшерінде дивидендтер жарияланды және төленді (2017 жылы: 32,956 мың теңге немесе бір акция үшін 377.5 теңге).

# 17 Меншікті капитал, жалғасы

### (г) Күтпеген тәуекелдер резерві

2018 жылы Компания 510,942 мың теңге мөлшерінде бөлінбеген пайда бойынша күтпеген тәуекелдер резервін есептеді (2017 жылғы 31 желтоқсанда жағдай бойынша күтпеген тәуекелдер резерві болған жоқ), себебі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы «Жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді белгілеу және пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептерді ұсыну мерзімдері жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы №131 қаулысына сәйкес, Компания еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резерв барлық күтілетін сақтандыру шығындарын жаба алмайтын сақтандыру өнімдері үшін резерв жасауы тиіс.

# 18 Қаржы құралдарының тәуекелдерін басқару

Тәуекелдерді басқару Компания қызметінің негізінде жатыр және Компанияның операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі Компания өз қызметін жүзеге асыру барысында тап болатын негізгі тәуекел болып табылады.

### (а) Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері

Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Компания ұшырауға бейім тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға көзделген. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен рәсімдер нарықтық жағдайдың, ұсынылатын өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің және пайда болатын үздік тәжірибенің өзгерістерін көрсету мақсатында жүйелі негізде қайта қаралады.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау жүйесінің тиісті жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттар мен рәсімдерді мақұлдауға, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдауға жауапты болады.

Басқарма мониторинг және тәуекелдерді төмендету жөніндегі шараларды енгізуге жауап береді, сондай-ақ Компанияның белгіленген тәуекелдер шегінде қызметті жүзеге асыруын қадағалайды. Тәуекелдерді басқару департаменті басшысының міндетіне тәуекелдерді жалпы басқару және қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдер бойынша есептерді анықтау, бағалау, басқару және жасау бойынша жалпы қағидаттар мен әдістердің қолданылуын бақылауды жүзеге асыру кіреді. Ол тікелей Директорлар кеңесіне және Төрағаға жанама түрде есеп береді.

Сыртқы және ішкі тәуекел факторлары ұйым шеңберінде анықталады және басқарылады. Тәуекел факторларының барлық тізбесін анықтауға және тәуекелдерді төмендету бойынша ағымдағы рәсімдердің жеткіліктілік деңгейін айқындауға ерекше назар аударылады. Кредиттік және нарықтық тәуекелдерді стандартты талдаудан басқа, Тәуекелдерді басқару департаменті жекелеген бағыттар бойынша сараптамалық баға алу мақсатында операциялық бөлімшелермен жүйелі негізде кездесулер өткізу жолымен қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерге мониторинг жүргізеді.

## 18 Қаржы құралдарының тәуекелдерін басқару, жалғасы

**(б) Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел - бұл нарықтық бағалардың, мысалы, шетел валюталарының айырбас бағамдарының, акциялардың пайыз мөлшерлемелерінің және бағаларының өзгеруі Компанияның пайдасына немесе өзінде бар қаржы құралдарының құнына теріс әсер ету тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, пайыздық тәуекелден, кірістілік қисығы тәуекелінен, сондай-ақ басқа да нарықтық тәуекелдерден тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістердің және нарықтық бағалар мен валюталардың айырбас бағамдарының құбылмалылығы деңгейінің өзгеруіне ұшырауға бейім пайыздық, валюталық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқарудың міндеті нарықтық тәуекелге бейімділік қолайлы параметрлердің шеңберінен шықпауы үшін басқару және бақылау және, бұл ретте қабылданған тәуекел үшін алынатын кірістілікті оңтайландыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Директорлар кеңесі бақылайтын Тәуекелдерді басқару департаменті нарықтық тәуекелді басқару үшін жауапты болады. Директорлар кеңесі нарықтық тәуекел лимиттерін бекітеді.

Компания жекелеген қаржы құралдары бойынша портфельдің шамасына қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру мерзімдерін, валюталық позицияны, ысырап лимиттерін белгілеу және олардың сақталуына жүйелі түрде мониторинг жүргізу жолымен нарықтық тәуекелді басқарады.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруінің алшақтығын бақылау жолымен нарықтық тәуекелдің құрамдас бөлігі болып табылатын пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелін басқару Компанияның таза пайыздық маржасының сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруінің түрлі стандартты және стандартты емес сценарийлеріне сезімталдығын мониторингілеу рәсімімен толықтырылады.

**(*i*) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі**

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі - бұл нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының болашақ ағынының немесе әділ құнының өзгеру тәуекелі. Компания басым нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуының оның қаржылық жағдайына және ақша қаражатының ағындарына әсер етуіне бейім. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін арттыруы мүмкін, алайда оны төмендетуі немесе пайыздық мөлшерлемелердің күтпеген өзгеруі жағдайында шығындардың туындауына әкелуі мүмкін.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі белгілі бір өтеу мерзімімен қолда бар немесе болжанатын активтер ұқсас өтеу мерзімімен қолда бар немесе болжанатын міндеттемелердің шамасы бойынша көп немесе аз болған жағдайларда туындайды.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі көбінесе сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру мониторингі арқылы басқарылады. Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны 1,466,824 мың теңге (2017 жылғы 31 желтоқсан: 1,430,833 мың теңге) құрайтын инвестициялық бағалы қағаздар үшін сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдері (2017: сату үшін қолда бар қаржы активтері) , 3 айдан 6 айға дейінгі кезеңде өтеді (2017 жылғы 31 желтоқсан: 3 айдан 6 айға дейін). 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 100 базистік тармаққа мөлшерлемелерді ұлғайту жағына қатарлас ығысу таза пайдаға немесе шығынға және меншікті капиталға 8,470 мың теңге мөлшерінде оң әсер етеді (2017 жылғы 31 желтоқсан: 8,771 мың теңге). 2018 жылғы 31 желтоқсандағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сыйақы мөлшерлемелерін азайту жағына қарай 100 базистік тармаққа қатарлас ығысу сомасы бойынша тең, бірақ барлық қалған айнымалылар өзгеріссіз қалады деген шартпен белгі бойынша кері әсер болар еді.

# 18 Қаржы құралдарының тәуекелдерін басқару, жалғасы

**(б) Нарықтық тәуекел, жалғасы**

***(i) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі, жалғасы***

Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруі нәтижесінде бір жылдағы таза пайданың және Компанияның меншікті капиталының сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне (2018 және 2017 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы позициялар және 100 базистік тармаққа қатарлас төмендеуі немесе кірістілік қисығы өсуінің оңайлатылған сценарийі негізінде жасалған) сезімталдығын талдау (2017 жылы: сату үшін қолда бар қаржы активтері) :

| | 2018 ж. 31 желтоқсан | | 2017 ж. 31 желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|
| | Пайда | Меншікті капитал | Меншікті капитал | Пайда |
| Ұлғаю жағына қарай 100 базистік тармаққа қатарлас ығысу | (21,285) | (295,823) | | - (322,824) |
| Азаю жағына қарай 100 базистік тармаққа қатарлас ығысу | 22,204 | 316,976 | | - 347,946 |

***(ii) Валюталық тәуекел***

Компанияда бірнеше шетел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелер бар. Валюталық тәуекел - бұл валюталардың айырбас бағамдарының өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының әділ құнының немесе болашақ ағынының өзгеру тәуекелі.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюта бөлінісіндегі қаржы активтері мен міндеттемелерінің құрылымы:

| мың теңге | Теңге | АҚШ Доллары | Рубль | Өзге | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 23,063,775 | 3,175,701 | 631,130 | 807 | 26,871,413 |
| Банктердегі депозиттер | 5,750,994 | 544,309 | 4,804,056 | - | 11,099,359 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар: | | | | | |
| - өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша | 6,224,127 | 951,974 | | 259,876 | 7,435,977 |
| - пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша | 1,511,226 | - | - | - | 1,511,226 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша | 1,003,560 | 11,153 | | - | 1,014,713 |
| **Барлық активтер** | **37,553,682** | **4,683,137** | **5,435,186** | **260,683** | **47,932,688** |
| **Міндеттемелер** | | | | | |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-тан алынған қарыз | (212,512) | | | | (212,512) |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша | (35,582) | - | (1,182) | - | (36,764) |
| Өзге қаржы міндеттемелері | (45,795) | - | - | (53) | (45,848) |
| **Барлық міндеттемелер** | **(293,889)** | **-** | **(1,182)** | **(53)** | **(295,124)** |
| **2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция** | **37,259,794** | **4,683,137** | **5,434,004** | **260,630** | **47,637,565** |

## 18 Қаржы құралдарының тәуекелдерін басқару, жалғасы

**(б) Нарықтық тәуекел, жалғасы (и)** ***Валюталық тәуекел, жалғасы***

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюта бөлінісіндегі қаржы активтері мен міндеттемелерінің құрылымы:

| **мың теңге** | **Теңге** | **АҚШ Доллары** | **Рубль** | **Өзге** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 26,992,594 | 15,036 | 33,775 | 3,929 | 27,045,334 |
| Банктердегі депозиттер | 3,586,689 | 3,685,515 | 1,164,741 | - | 8,436,94 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 7,459,004 | 869,935 | _ | 247,610 | 8,576,549 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | 940,416 | 16,284 | . | . | 956,700 |
| **Барлық активтер** | **38,978,703** | **4,586,770** | **1,198,516** | **251,539** | **45,015,528** |
| **Міндеттемелер** | | | | | |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-тан алынған қарыз | (276,573) | | | | (276,573) |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | (154,984) | _ | _ | _ | (154,984) |
| Өзге қаржы міндеттемелері | (55,515) | | | (48) | (55,563) |
| **Барлық міндеттемелер** | **(487,072)** | - | - | **(48)** | **(487,120** |
| **2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция** | **38,491,631** | **4,586,770** | **1,198,516** | **251,491** | **44,528,408** |

Қазақстандық теңге бағамының төмендеуі келесі кестеде көрсетілгендей, 2018 және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесідей валюталарға қатысты бұдан әрі сипатталған меншікті капитал мен пайданың немесе шығынның ұлғаюын (азаюын) туындататын еді. Бұл талдау Компанияның көзқарасы бойынша есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша негізді түрде ықтимады болып табылатын валюталық бағамдардың өзгеруіне негізделген. Талдау барлық қалған айнымалылар, әсіресе пайыздық мөлшерлемелер өзгеріссіз қалады дегенді ұйғартады.

| **мың теңге** | **2018 ж.** | **2017 ж.** |
|---|---|---|
| АҚШ доллары бағамының 10% өсуі (2017 ж .: 10%) | 374,651 | 366,942 |
| рубль бағамының 10% өсуі (2017 ж.: 10%) | 434,720 | 95,881 |

2018 жылғы 31 желтоқсандағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұрын аударылған валюталарға қатысты қазақстандық теңге бағамының өсуі сомасы бойынша тең, бірақ барлық қалған айнымалылар өзгеріссіз қалады деген шартпен белгі бойынша кері әсер болар еді.

# 18 Қаржы құралдарының тәуекелдерін басқару, жалғасы

**(в) Кредиттік тәуекел**

Кредиттік тәуекел - қарыз алушының немесе Компанияның контрагентінің міндеттемелерді орындамауы нәтижесінде туындайтын қаржылық шығын тәуекелі. Компания кредиттік тәуекелді шоғырландыру лимиттерін белгілеу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтитын бекітілген саясаттар мен рәсімдерді қолдану арқылы кредиттік тәуекелді (танылған қаржы активтері мен танылмаған шарттық міндеттемелер бойынша) басқарады. Қаржы активтері мен міндеттемелерін басқару регламентін Басқарма қарайды және бекітеді.

Компания жекелеген контрагенттердің ахуалына тұрақты мониторинг жүргізеді және өз контрагенттерінің төлем қабілеттілігіне жүйелі негізде қайта бағалау жүргізеді. Жекелеген қарыз алушыларды талдаудан басқа, Тәуекелдерді басқару департаменті кредиттер мен нарықтық тәуекелдердің шоғырлануына қатысты тұтастай алғанда инвестициялық портфельге бағалау жүргізеді.

Кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі, әдетте, қаржылық жағдай туралы есепте қаржы активтерінің баланстық құнында және танылмаған шарттық міндеттемелер сомасында көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігі әлеуетті кредиттік тәуекелді төмендету үшін соншалықты маңызды емес.

Есепті күнгі жағдай бойынша баланстық кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі былайша ұсынылуы мүмкін:

| | **2018** ж.<br>мың теңге | **2017** ж.<br>мың теңге |
|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 26,871,413 | 27,045,334 |
| Банктердегі депозиттер | 11,099,359 | 8,436,945 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар: | | |
| - өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша | 7,435,977 | - |
| - пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша | 1,511,226 | - |
| Сату үшін колда бар қаржы активтері | - | 8,576,549 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | 1,014,713 | 956,700 |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылардың үлесі | 509,093 | 834,419 |
| **Ең жоғары тәуекел деңгейі, барлығы** | **48,441,781** | **45,849,947** |

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда кредиттік тәуекелге ұшырағыштыққа қатысты ең жоғары тәуекелге ұшырағыштығының 10 процентінен асатын 4 борышкер болды (2017 жылғы 31 желтоқсан: (4 борышкер). 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл клиенттерге қатысты кредиттік тәуекелге ұшырағыштық 30,364,023 мың теңгені құрады: 26,192,924 мың теңге).

# 18 Қаржы құралдарының тәуекелдерін басқару, жалғасы

**(в) Кредиттік тәуекел, жалғасы**

***Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін өзара есепке алу***

Бұдан әрі кестелерде ұсынылған ақпаратты ашу қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері туралы ақпаратты қамтиды, олар:

- қаржылық жағдай туралы есепте өзара есепке алынатынына қарамастан, ұқсас қаржы құралдарына қолданылатын өзара есепке алу туралы заңдылық тұрғысынан жарамды бас келісімнің немесе ұқсас келісімдердің нысаны болып табылады.

Ұқсас келісімдер туынды қаржы құралдарының клирингі туралы келісімдерді, «РЕПО» мәмілелері үшін жаһандық бас келісімдерді және бағалы қағаздарды қарызға беру туралы жаһандық бас келісімдерді қамтиды. Ұқсас қаржы құралдары туынды қаржы құралдарын, «РЕПО» мәмілелерін, «кері РЕПО» мәмілелерін, қарыз алу және бағалы қағаздарды қарызға беру туралы келісімдерді қамтиды.

Компания келесідей мәмілелерге қатысты нарықта айналыстағы ақша қаражаты мен бағалы қағаздар түрінде қамтамасыз етуді алады және қабылдайды:

- «РЕПО» мәмілелері, «кері РЕПО» мәмілелері;

Қамтамасыз ету ретінде алынған/кепілге берілген бағалы қағаздар кепілге берілмейді немесе мәміленің қолданылу мерзімі ішінде сатылмайды және мәмілені өтеу мерзіміне дейін қайтарылуы тиіс.

Бұдан әрі кестеде өзара есепке алу туралы заңдылық тұрғысынан жарамды бас келісімдердің және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұқсас келісімдердің нысаны болып табылатын қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері келтірілген.

## 18 Қаржы құралдарының тәуекелдерін басқару, жалғасы

**(в) Кредиттік тәуекел, жалғасы**

***Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін өзара есепке алу, жалғасы***

**мың теңге**

| Қаржы активтерінің түрлері | Танылған қаржы активтерінің толық сомасы | Қаржылық жағдай туралы есепте өзара есепке алынған танылған қаржы міндеттемелерінің толық сомасы | Қаржылық жағдай туралы есепте қаржы активтерінің таза сомасы | Қаржылық жағдай туралы есепте өзара есепке алынбаған сомалар: Қаржы құралдары (ақшалай емес қамтамасыз етуді қоса алғанда) | Алынған ақшалай қамтамасыз ету | Таза сома |
|---|---|---|---|---|---|---|
| «Кері РЕПО» мәмілелері, бағалы қағаздарды қарызға беру туралы келісім немесе ұқсас келісімдер | 5,371,853 | - | 5,371,853 | (5,371,853) | - | - |

Бұдан әрі кестеде өзара есепке алу туралы заңдылық тұрғысынан жарамды бас келісімдердің және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұқсас келісімдердің нысаны болып табылатын қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері келтірілген.

**мың теңге**

| Қаржы активтерінің түрлері | Танылған қаржы активтерінің толық сомасы | Қаржылық жағдай туралы есепте өзара есепке алынған танылған қаржы міндеттемелерінің толық сомасы | Қаржылық жағдай туралы есепте қаржы активтерінің таза сомасы | Қаржылық жағдай туралы есепте өзара есепке алынбаған сомалар: Қаржы құралдары (ақшалай емес қамтамасыз етуді қоса алғанда) | Алынған ақшалай қамтамасыз ету | Таза сома |
|---|---|---|---|---|---|---|
| «Кері РЕПО» мәмілелері, бағалы қағаздарды қарызға беру туралы келісім немесе ұқсас келісімдер | 1,501,602 | - | 1,501,602 | (1,501,602) | - | - |

## 18 Қаржы құралдарының тәуекелдерін басқару, жалғасы

**(г) Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі - бұл Компанияда ақша қаражатын немесе басқа да қаржы активтерін беру арқылы есеп айырысу жүзеге асырылатын қаржы міндеттемелерін орындау бойынша қиындықтардың туындау тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша сәйкес келмеген кезде туындайды. Өтеу мерзімдері мен активтер мен міндеттемелердің пайыздық мөлшерлемелері бойынша сәйкесімдік және/немесе бақыланатын сәйкеспеушілік өтімділік тәуекелін басқарудағы негізгі сәт болып табылады. Жүргізілетін операциялардың әртүрлілігі және олармен байланысты белгісіздік салдарынан активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша толық сәйкесімдік қаржы институттары үшін әдеттегі практика болып табылмайды, бұл операциялардың кірістілігін арттыруға мүмкіндік береді, алайда шығындардың туындау қаупін арттырады.

Компания бұл тәуекелді өтімділік пен өтеу мерзімі арасындағы алшақтықты жүйелі негізде бағалау жолымен қысқартады.

Төменде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы міндеттемелерін өтеудің шарттық мерзімдері туралы ақпарат берілген. Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер күтілетін өтеу мерзімдері негізінде берілген. Сақтандыру шарттары бойынша резервтер қайта сақтандырушылардың таза үлестерімен берілген:

| | 1 айдан кем | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1-ден 5 жылға дейін | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қаржы міндеттемелері** | | | | | |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтер | 11,167 | 40,633 | 1,145,622 | 3,688,374 | 4,885,796 |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-тан алынған қарыз | | - | 93,015 | 185,475 | 278,490 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша | 36,764 | - | - | | 36,764 |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 45,848 | | | | 45,848 |
| **2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы міндеттемелері, жиыны** | **93,779** | **40,633** | **1,238,637** | **3,873,849** | **5,246,898** |

Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы міндеттемелерін өтеудің шарттық мерзімдері туралы ақпарат берілген. Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер күтілетін өтеу мерзімдері негізінде берілген. Сақтандыру шарттары бойынша резервтер қайта сақтандырушылардың таза үлестерімен берілген:

| | 1 айдан кем | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1-ден 5 жылға дейін | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қаржы міндеттемелері** | | | | | |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтер | 2,744 | 87,090 | 1,084,606 | 2,232,188 | 3,406,628 |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-тан алынған қарыз | - | | 93,200 | 278,490 | 371,690 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша | 154,984 | - | - | | 154,984 |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 55,563 | | | | 55,563 |
| **2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы міндеттемелері, жиыны** | **213,291** | **87,090** | **1,177,806** | **2,510,678** | **3,988,865** |

# 19 Операциялық жалдау

**Компания шарт бойынша жалға алушы болып табылатын операциялар**

Компания операциялық жалдау шарттары бойынша байланысқан тараптан кеңсе жайларын жалға алады. Жалға алу шарты, әдетте, оны кейіннен ұзарту құқығымен 1 жылдан аспайтын мерзімге жасалады. Әдетте, жалдау төлемдері жыл сайын нарықтық жалдау мөлшерлемелеріне сәйкес ұлғаяды.

Жалға алынған жабдыққа меншік құқығы Компанияға өтпейді. Жалдау төлемдері нарықтық мөлшерлемелерге сәйкес жүйелі түрде қайта қаралады және қалдық құнында Компанияның ешқандай үлесі жоқ; жалға алынған үй-жайларға байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың жылжымайтын мүлік иесінде қалатыны айқындалды. Осы негізде Компания бұл шарттар операциялық жалдау шарттарын білдіреді деп белгіледі. 2018 жыл ішінде операциялық жалдау бойынша төлемдер 108,786 мың теңге мөлшерінде әкімшілік шығыстар құрамында танылды (2017 жылы: 38,789 мың теңге).

# 20 Шартты міндеттемелер

**(а) Сот талқылауы**

Нарықта өзінің әдеттегі қызметін жүзеге асыру барысында Компания түрлі заңгерлік талаптамаларға тап болады. Компания басшылығы сот талқылаулары нәтижесінде туындайтын Компания міндеттемелерінің түпкі шамасы (ондай болған жағдайда) болашақта Компанияның қызмет нәтижелерінің қаржылық шарттарына елеулі теріс әсер етпейді деп пайымдайды.

**(б) Шартты салық міндеттемелері**

Қазақстанның салық жүйесі, салыстырмалы түрде жаңа бола отырып, заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірулер мен сот шешімдерінің жиі өзгеруімен және нақты мұндалмаған, қайшылықты күйде сипатталады, бұл ХҚЕС-ке сәйкес кірістерді, шығыстарды және қаржылық есептіліктің басқа да баптарын есепке алу тәртібіне қатысты пікірлерді қоса алғанда, оларды түрлі салық органдарының әрқилы түсіндіруіне жол береді. Салықтарды есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулер мен тергеулерді ірі айыппұлдар салуға және пайыздарды алуға құқығы бар әртүрлі деңгейдегі реттеуші органдар жүргізеді. Есепті кезеңде салықтарды есептеудің дұрыстығы келесі күнтізбелік бес жыл ішінде тексерілуі мүмкін, алайда белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

Бұл жағдаяттар Қазақстандағы салық тәуекелдері басқа елдерге қарағанда жоғары болуына әкелуі мүмкін. Компания басшылығы қолданылатын салық заңнамасын, нормативтік талаптар мен сот шешімдерін өзінің түсінігіне сүйене отырып, салық міндеттемелері толық көлемде көрсетілді деп санайды. Дегенмен, тиісті органдардың бұл ережелерді түсіндіруі өзгеше болуы мүмкін және егер олар өз позициясының заңдылығын дәлелдей алатын болса, бұл осы қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі мүмкін.

## 21 Қаржы активтері мен міндеттемелері: әділ құн және есептік жіктеу

### (а) Есептік жіктеу және әділ құн

Келесі кесте 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері мен міндеттемелерінің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

| мың теңге | Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын | Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын | Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын | Баланстық құн, жиыны | Әділ құн |
|---|---|---|---|---|---|
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 26,871,413 | - | - | 26,871,413 | 26,871,413 |
| Банктердегі депозиттер | 11,099,359 | - | - | 11,099,359 | 11,099,359 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар: | | | | | |
| - өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша | - | 7,435,977 | - | 7,435,977 | 7,435,977 |
| - пайда және шығын арқылы әділ құны бойынша | - | - | 1,511,226 | 1,511,226 | 1,511,226 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | 1,014,713 | - | - | 1,014,713 | 1,014,713 |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылардың үлесі | 509,093 | - | - | 509,093 | 509,093 |
| | **39,494,578** | **7,435,977** | **1,511,226** | **48,441,781** | **48,441,781** |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-тан алынған қарыз | (212,512) | - | - | (212,512) | (218,542) |
| Өзге қаржы міндеттемелері | (45,848) | - | - | (45,848) | (45,848) |
| | **(258,360)** | - | - | **(258,360)** | **(264,390)** |

Келесі кесте 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері мен міндеттемелерінің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

| **мың теңге** | Кредиттер және дебиторлық берешек | Сату үшін қолда бары | Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын өзгелері | Баланстық құн, жиыны | Әділ құн |
|---|---|---|---|---|---|
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 27,045,334 | - | - | 27,045,334 | 27,045,334 |
| Банктердегі депозиттер | 8,436,945 | - | - | 8,436,945 | 8,436,945 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | - | 8,576,549 | - | 8,576,549 | 8,576,549 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық | 956,700 | - | - | 956,700 | 956,700 |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылардың үлесі | 834,419 | - | - | 834,419 | 834,419 |
| | **37,273,398** | **8,576,549** | **-** | **45,849,947** | **45,849,947** |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-тан алынған қарыз | - | - | (276,573) | (276,573) | (273,186) |
| Өзге қаржы міндеттемелері | - | - | (55,563) | (55,563) | (55,563) |
| | - | - | **332,136** | **(332,136)** | **(328,749)** |

## 21 Қаржы активтері мен міндеттемелері: әділ құн және есептік жіктеу, жалғасы

### (а) Әділ құн және есептік жіктеу, жалғасы

Әділ құнды бағалау активті сату кезінде алынатын немесе бағалау күніне нарық қатысушылары арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операция шарттарымен міндеттемені беру кезінде төленген бағаны айқындауға бағытталған. Дегенмен, белгісіздіктің болуы мен бағалаудың субъективтілігі себепті әділ құн активтерді дереу сату немесе міндеттемелерді орындау жасалуы мүмкін құн ретінде қаралмауы тиіс.

Белсенді нарықтарда бағамдалатын қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құны нарықтық бағамдарға немесе дилерлер бағасының бағамдарына негізделген. Барлық басқа қаржы құралдары үшін Компания бағалау әдістерін пайдаланып әділ құнды анықтайды.

Бағалау әдістерінің мақсаты активті сату немесе бағалау күні нарық қатысушылары арасында міндеттемелерді беру бойынша ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операция жүргізілетін бағаны көрсететін әділ құнды бағалау тәсіліне қол жеткізу болып табылады.

Бағалау әдістері ағымдағы сәтке келтірілген таза құнды бағалау моделін және ақша қаражаты ағындарын дисконттауды, нарықтық бағамдары белгілі ұқсас құралдармен салыстыруды және бағалаудың өзге де модельдерін қамтиды. Бағалау үшін пайдаланылатын пайымдаулар мен деректер тәуекелсіз және базалық пайыздық мөлшерлемелерді, кредиттік спрэдтерді және дисконттау мөлшерлемелерін, акциялар мен облигациялардың баға белгіленімдерін, валюталық бағамдарды, қор индекстерін, сондай-ақ бағалардың күтілетін ауытқуын және оларды салыстыруды бағалау үшін пайдаланылатын өзге де түзетулерді қамтиды. Бағалау әдістері нарықтың тәуелсіз қатысушылары айқындаған есепті күнгі жағдай бойынша қаржы құралының құнын көрсететін әділ құнды айқындауға бағытталған.

### (б) Әділ құнды бағалау иерархиясы

Компания әділ құнды көрсетілген бағаларды қалыптастыру кезінде пайдаланылатын деректердің мәнділігін ескеретін әділ құнды бағалаудың мынадай иерархияларын пайдаланып бағалайды:

- 1-деңгей: Ұқсас қаржы құралдарына қатысты белсенді нарықтағы (түзетілмеген) баға белгілеулер.
- 2-деңгей: 1-деңгейге қатысты баға белгілеуден ерекшеленетін, тікелей (яғни баға белгілеулер) не жанама түрде (яғни баға белгілеуден туындайтын деректер) қолжетімді деректер. Осы санат мыналарды пайдаланып бағаланатын құралдарды қамтиды: ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгілеулер, белсенді ретінде қарастырылмайтын нарықтардағы нарықтық баға белгілеулер, немесе пайдаланылатын деректері қадағаланатын бастапқы деректерге тікелей немесе жанама негізделетін бағалаудың басқа да әдістері.
- 3-деңгей: қолжетімді емес деректер. Бұл санат қадағаланатын нарықтық деректерге негізделмеген ақпаратты пайдаланып бағаланатын құралдарды қамтиды, бұл ретте мұндай қадағаланбайтын деректер құралды бағалауға елеулі әсер етеді.

Осы санат құралдар арасындағы айырманы көрсету үшін елеулі қадағаланбайтын түзетулерді немесе пайымдауларды пайдалану талап етілетін ұқсас құралдар үшін баға белгілеулер негізінде бағаланатын құралдарды қамтиды.

# 21 Қаржы активтері мен міндеттемелері: әділ құн және есептік жіктеу, жалғасы

**(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы, жалғасы**

Барлық қаржы құралдарының әділ құны 2018 жылғы 31 желтоқсандағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2-деңгейге жатқызылды.

# 22 Байланысқан тараптар арасындағы операциялар

**(а) Бақылау қатынастары**

Компанияның байланысқан тараптары Компанияның акционерлері болып табылатын контрагенттерді; Директорлар кеңесінің мүшелері мен Басқарма мүшелерін қамтиды.

Компанияның бас кәсіпорны «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады. Компанияның түпкі акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

**(б) Жоғары тұрған басшылықпен операциялар**

2018 жылғы және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін жалпы және әкімшілік шығыстар құрамына енгізілген жалпы сыйақы сомасы (10-ескертпені қар.):

| | **2018 ж. мың теңге** | **2017 ж. мың теңге** |
|---|---|---|
| Директорлар кеңесінің мүшелері | 6,438 | 4,638 |
| Басқарма мүшелері | 93,199 | 75,051 |
| | **99,637** | **79,689** |

**(в) Өзге де байланысқан тараптардың қатысуымен жасалатын операциялар**

Өзге де байланысқан тараптар «Бәйтерек» тобына кірмейтін мемлекеттік компанияларды қамтиды. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша қалдықтар, сондай-ақ 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі басқа да байланысқан тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе шығын мөлшері:

| **мың теңге** | **Сол топтың еншілес кәсіпорындары** | **Басқалар** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | | 5,371,853 | 5,371,853 |
| Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын инвестициялық бағалы қағаздар | | 7,176,101 | 7,176,101 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | 301,349 | | 301,349 |
| Ағымдағы салық активтері | - | 92,632 | 92,632 |
| **Міндеттемелер** | | | |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-тан алынған қарыз | | 212,512 | 212,512 |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резерв | 609,653 | 203,470 | 813,123 |
| Өзге де міндеттемелер | 9,136 | 2,026 | 11,162 |
| **Пайда/(шығын)** | | | |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резервтегі өзгеріс, брутто | 90,346 | (203,470) | (113,124) |
| Қаржылық кіріс | - | 413,171 | 413,171 |
| Қаржылық шығыс | - | (29,185) | (29,185) |
| Басқа шығыстар | (79,811) | (11,177) | (90,988) |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | - | (467,176) | (467,176) |

## 22 Байланысқан тараптар арасындағы операциялар, жалғасы

### (в) Өзге де байланысқан тараптардың қатысуымен жасалатын операциялар, жалғасы

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша қалдықтар, сондай-ақ 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі басқа да байланысқан тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе шығын мөлшері:

| мың теңге | Сол топтың еншілес кәсіпорындары | Басқалар | Барлығы |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | - | 1,501,602 | 1,501,602 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | - | 6,846,802 | 6,846,802 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | 365,630 | - | 365,630 |
| Ағымдағы салық активтері | 216,116 | - | 216,116 |
| **Міндеттемелер** | | | |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-тан алынған қарыз | | 276,573 | 276,573 |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резерв | 700,000 | - | 700,000 |
| Өзге де міндеттемелер | 3,232 | 290 | 3,522 |
| **Пайда/(шығын)** | | | |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резервтегі өзгеріс, брутто | (89,914) | | (89,914) |
| Қаржылық кіріс | - | 341,699 | 341,699 |
| Қаржылық шығыс | - | (33,370) | (33,370) |
| Басқа шығыстар | (38,789) | (3,405) | (42,194) |